EXPO же?! Биле-биле! - прокричал я весело и начал приплясывать вместе с танцором.

4)Вопросительные предложения: Animator? - вопрошали другие.

Почему большинство людей практически не задерживается в павильонах: зашли, окинули взглядом помещение и под недоумевающие взгляды гидов удалились?

5)Градация: «Мы изобрели автомобили на водородном двигателе. Вместо вредных выхлопов они производят чистую воду, а одной заправки хватит на 650 км пути. Мы верим, что они сделают мир лучше, чище».

«Верба не изнашивает почву, а при сгорании не нарушается баланс углерода в атмосфере. При этом промышленное производство тепловой и электрической энергии из этого биотоплива

в два раза дешевле по сравнению с использованием газа. К тому же урожайность энергетической вербы достигает 12 тонн сухой массы с одного гектара».

В отличие от нейтральных и беспристрастных информационных материалов, освещающих ЭКСПО, данный репортаж отличается достаточно эмоциональной подачей своей точки зрения и высоким уровнем субъективности/оценочности. Это связано, прежде всего, с концепцией издания, где опубликован материал. Журналисты газеты «Время» свободно выражают свои разнообразные мнения по любому информационному поводу.

Литература:

1. Стала известна стоимость EXPO-2017 в Астане. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/stala-izvestna-stoimost-EXPO-2017-v-astane-258295/.
2. В ЭКСПО прокомментировали скандальную статью о "захолустной" Астане. https://www.nur.kz/1528728-v-ekspo-prokommentirovali-skandaln.html.
3. Стало известно, сколько человек посетили ЭКСПО-2017. https://www.nur.kz/1528690-stalo-izvestno-skolko-chelovek-poset.html.
4. Мармонтова Т.В. ЭКСПО 2017 как инструмент национального брендинга в казахстанском и российском медиапространстве. http://infozakon.kz/news/international-panorama/3243-primorskiy-podrostok-obvinen-v-krazhe-deneg-s-karty-grazhdanki-ssha.html

УДК 81.161.1

МИФОЛОГЕМА «БЛУДНЫЙ СЫН» В КОНТЕКСТЕ НАРРАТИВНОГО ПРОСТРАНСТВА РОМАНОВ Ф. М. ДОСТОЕВСКОГО

Беженова А. В.
(СКГУ им. М. Козыбаева)

Одним из самых распространенных архетипических образов в русской литературе является блудный сын. Впервые этот сюжетообразующий мотив находит свое отображение в таких произведениях Симеона Полоцкого, как повесть о «Горе-злосчастии», «О Савве Грудцыне» и «Комедии притчи о блудном сыне». Если в семнадцатом столетии мифологема актуализируется вокруг губительности богоотступничества, то восемнадцатый век трактует «Гисторию о российском матросе Василии Кориотском, который покидает отчий дом, решает жить собственным умом и достигает успеха, становясь тем самым моральным эталоном эпохи. В художественной традиции XIX века мифологема «блудный сын» вернулась к своему традиционному сакральному смыслу в романах Ф. М. Достоевского[1].

В творчестве Ф. М. Достоевского данный архетипический образ предстает в лице таких персонажей, как Наташа Ихменева, дочь старика Смита, Николая Ставрогин, Петр Верховенский, братья Карамазовы и др. Христианский код в романах Ф. М. Достоевского выполняет своеобразную организующую функцию в нарративе романа, объединяя романы писателя в единую систему, показывающую диалектику человеческой души [2].

Основа нарративного пространства романа «Униженные и оскорбленные» представлена мифологемой «блудного сына» [3]. Однако, следует отметить, что у Достоевского евангельская притча претерпевает изменения и носит антонимичный характер по отношению к оригинальному тексту притчи. Архетипический образ «блудного сына» трансформируется в мифологему «блудной дочери». Повествование о судьбе Наташи Ихменевой – это вариация библейской мифологемы, введенной в основу нарратива романа «Униженные и оскорбленные». Следует обратить внимание на то, что, по мнению В. И. Габдуллиной, и евангельский нарратив притчи состоит из четырех ключевых эпизодов и нарративная структура романа «Униженные и оскорбленные» представлена четырьмя частями. Остановимся на них более подробно. Итак, первая фаза библейского нарратива в романе представлена уходом «блудной дочери» из-под

родительского крова, что соответствует сюжету евангельской притчи. Как и «блудный сын», который расточил свое имущество, Наташа Ихменева находится в бедственном положении и вынуждена искать работы и продавать свои платья. Следовательно, вторая фаза – это разорение [4].

Следующая отправная точка нарратива притчи повествует от лица героя-нарратора о достатке отца и лишениях сына. В романе «Униженные и оскорбленные» данная фаза сопряжена с торжественным проклятием Ихменева своей дочери и лишением ее родителького благословения. В. И. Габдуллина называет эту фазу «омертвением» главной героини. Кульминационный момент нарратива «омертвения» Наташи Ихменевой представлен «смертными муками» героини, в результате которых она проклинает отца и прогоняет героя-нарратора Ивана Петровича. Четвертая фаза, полностью идентичная сюжету притчи, - это возвращение «блудной дочери»: «она вбежала, увидала отца, и с криком бросилась перед ним на колена, простирая к нему руки». Стоит отметить, что мифологема «блудной дочери» в стихотворении Я. Полонского, которое читает главная героиня романа, не достаточно освещена литературоведами при изучении романа «Униженные и оскорбленные». В.И. Габдуллина утверждает, что сюжет чтения Наташей стихотворения «Колокольчик» требует пристального внимания, поскольку нарратив стихотворения аккомпанирует истории Наташи Ихменевой. Героиня читает два отрывка из стихотворения. Первый отрывок – это воспоминание о прошедшем счастье. Нарисованная в нарративе произведения картина соотносится с начало жизни Наташи и Алеши:

То вдруг слышится мне - страстный голос поет,
С колокольчиком дружно звеня:
"Ах, когда-то, когда-то мой милый придет -
  Отдохнуть на груди у меня!

У меня ли не жизнь!.. чуть заря на стекле
Начинает лучами с морозом играть,
Самовар мой кипит на дубовом столе,
И трещит моя печь, озаряя в угле,
За цветной занавеской кровать!..

Но очень скоро ресурсы молодого князя истощились, и Наташа оказалась в доме купца Колотушкина, а Алеша стал реже появляться. Второй отрывок – это описание теперешнего положения «блудной дочери»:

Что за жизнь у меня! и тесна, и темна,
И скучна моя горница; дует в окно.
За окошком растет только вишня одна,
      Да и та за промерзлым стеклом не видна
И, быть может, погибла давно!..

Что за жизнь!.. полинял пестрый полога цвет,
Я больная брожу и не еду к родным,
Побранить меня некому - милого нет,
Лишь старуха ворчит…

Подробно остановимся на произведении Я. Полонского. В стихотворении «Колокольчик» представлена судьба лирической героини, покинувшей родной кров в надежде на счастье с возлюбленным. – «Выноси меня, тройка усталых коней!». Лирическая героиня Полонского прошла путь от счастья с любимым до одиночества, бедности и болезни. Сравним динамику нарратива : «У меня ли не жизнь!» и «Что за жизнь!.. полинял пестрый полога цвет…» Как

утверждает В. И. Габдуллина: «Финал «блудной дочери» в стихотворении соответствует жанровым канонам городского (мещанского) романса...» Наташа выступает в роли нарратора, поскольку пересказывает историю лирической героини Полонского. Здесь представлена классическая схема романтического, или даже сентиментального произведения, которая отображает внутренний мир и переживание сложившейся ситуации Наташей Ихменевой. Но в отличие от лирической героини новеллы Полонского в интерпретации Наташи Ихменевой, героиня Достоевского возвращается в родительский дом[4].

В романе «Униженные и оскорбленные есть еще одна «блудная дочь» - мать Нелли. «Блудная дочь» старика Смита «подсвечивает» историю Наташи Ихменевой и влияет на ее развязку. Старик Ихменев, пораженный рассказом Нелли о судьбе матери, прощает Наташу и встает перед ней на колени.

Если судьба Наташи представляет собой фактически прямую интерпретацию библейской мифологемы «блудный сын», то история жизни дочери Смита – это усложненный архетипический образ. У сюжетной линии Наташи один нарратор - Иван Петрович, а у дочери Смита их несколько. Итак, нарраторы сюжетной линии «блудной дочери» Смита представлены следующим образом: первичный нарратор - Иван Петрович, нарраторы второго порядка – Нелли и Валковский, нарратор третьего порядка Маслобоев и старик Ихменев. У каждого из нарраторов свое видение судьбы героини и собственный жанр повествования, что определяется полифонией романа «Униженные и оскорбленные». Следовательно, нарратор выступает как отдельный «голос». Сравним: сентиментальную мелодраму Ивана Петровича и романтическую историю с трагическим финалом, рассказанную Нелли, а также «премиленький анекдот» князя Валковского и авантюрный рассказ Маслобоева, который стилизован под скоморошину [5].

К авторским модификациям притчи-мифологемы в романе «Униженные и оскорбленные» следует отнести появление женского образа в контексте притчи о блудном сыне. В нарративной структуре романа этот архетипический образ представлен тремя вариациями мифологемы «блудная дочь.

Архетипический образ блудного сына не обошел стороной и роман «Бесы». Библейская притча прочитывается в отношениях Верховенского-старшего и Верховенского-младшего. Но в отличие от мифологемы «блудной дочери» в романе «Униженные и оскорбленные» данный архетипический образ не модифицируется в женский, а усложняется, трансформируется и «переворачивается». Итак, мы уже сказали, что в изображении отношений отца и сына Верховенских представлена аллюзия на уход блудного сына из-под родного крова. Но следует отметить, что в контексте отношений Степана Трофимовича и Петра Верховенского отец и сын меняются ролями, следовательно перед нами нарратив притчи-«перевертыша. Притча-мифологема представлена в инверсии, поскольку первая фаза – это не уход, а сцена возвращение «блудного сына», в которой нет покаяния, а есть намек на комизм. Нарратор иронически изображает первую встречу отца и сына. С первых минут появления в доме генеральши Ставрогиной становятся понятны отношения между этими двумя героями. Степан Трофимович не сразу узнает «Петрушу», но бросается в его объятия. Петр Верховенский отталкивает отца. Петр Верховенский обращается к отцу: «Ну, не шали, не шали, без жестов, ну и довольно, довольно, прошу тебя». Петруша как шестидесятник издевается над идеологией отца, представителя сороковых годов. Сын высмеивает жизненный уклад Степана Трофимовича и ставит его отцовство под сомнение. Отец старается примириться с сыном, но столкновение Верховенского-старшего и Верховенского младшего завершается уходом отца из родного города. Город захватывают «бесы». Степан Трофимович выходит на дорогу с одним саквояжем и палкой в руке, но его уход логичнее соотнести с возвращением «блудного сына». Ведь именно этому герою нарратор позволяет поставить диагноз городу, охваченному «бесами»[6].

Притчевая основа романа «Бесы» не ограничивается взаимоотношениями Верховенского-отца и Верховенского-сына. Более полную картину аллюзии на библейскую притчу дает образ Николая Ставрогина. В начале романа повествуется о распутной жизни Николая Ставрогина в Петербурге. Там он, как и блудный сын из притчи, растрачивал свое имение. Затем Николай

Ставрогин, следуя путем своего библейского предшественника, оказывается за границей. Нарративная точка отсчета романной истории Ставрогина начинается с возвращения в родной дом. Вернувшись домой, блудный сын был готов покаяться перед небом и отцом. Николай Ставрогин также возвращается с мыслью о «бремени», но герою не хватает духовной силы и истинного покаяния. И поэтому вместо «обретения отца» герой выбирает «удавку Иуды». Роман «Бесы» открывает для наррататора такие модификации притчи, как травестийность и усложнение нарратива[6].

Два вышеописанных романа не ограничивают пространства для «странствования» мифологемы «блудный сын» по библейскому нарративу романов Ф. М. Достоевского. В романе «Братья Карамазовы» мифологема- притча о блудном сыне выступает как ключ для раскрытия идейного замысла писателя. Первого сына Дмитрия Федор Павлович после смерти его матери отправил сначала к слуге Григорию, затем на попечение Петра Миусова, а какое-то время спустя — Митя перешел к одной из своих теток. Что касается его братьев, Ивана и Алексея, то они, в целом, повторили путь старшего: после смерти матери воспитывались Григорием, генеральшей, Ефимом Петровичем Поленовым. Как видим, отход от родительского гнезда в романе представлен не как результат осознанного поступка, выбора жизненного пути, а, скорее, как результат «блуда» кровного отца семейства. Таким образом, перед нами важная нарраторская метаморфоза мифологемы «блудный сын», напоминающая трансформации одноименной мифологемы в романе «Бесы» - Федор Павлович Карамазов выступает как блудный отец. Архетипический образ блудного сына воплощается также и в Дмитрии Федоровиче Карамазове. Следовательно, у Достоевского представлен сюжет о блудном сыне и блудном отце. Дмитрий - кутила, мот, эмоционален, падок на сладострастие, вера проявляется в его душе только в моменты отчаяния. Именно он постоянно жаждал получить от отца сначала часть полагающегося ему, как он считал, наследства, затем его желания оформились в полнее конкретную суму - три тысячи рублей, необходимых для того, чтобы увезти предмет своих воздыханий - Грушеньку. Момент получения части имущества идентичен сюжетному нарративу притчи о блудном сыне. Однако и в этом романе Ф. М. Достоевского получают развитие нарраторские модификации сюжета, как например, введение в нарратив романа любовного треугольника: отец и сын влюблены в одну женщину. Если старшего «блудного сына» можно обозначить как сына – «кутилу», то средний сын Иван Федорович является сыном-«атеистом». «Блудный сын» Иван Федорович выбирает рациональный подход к жизни и «уходит» от веры и морали. Герой создает теорию о том, что все дозволено, постулат которой еще один «блудный сын» Смердяков воплотит в реальность. «Блудный сын» становится «отцеубийцей». Смерть отца «возвращает» Ивана Федоровича к покаянию. Кается не только идейный вдохновитель, но и сам исполнитель. Смердяков, подобно Николаю Ставрогину из романа «Бесы», совершает самоубийство. Воплощение библейской мифологемы в образе сына – «праведника» Алеши Карамазова не реализовано, поскольку роман не был закончен. Мы можем лишь предположить, что предвестниками «ухода» Алеши могли бы стать речи Ивана в трактире и смерть старца Зосимы. Что касается образа старца Зосимы, то здесь имеет место авторская модификация притчи, поскольку в нарратив романа вводятся такие понятия, как «кровный» отец и «духовный» отец [1].

Мифопоэтика притчи выступает как зерно замысла романа «Братья Карамазовы». В этом романе мифологема «блудный сын» приобретает самую усложненную притчевую схему. Мифологема-притча «блудный сын» представлена двумя уровнями в нарративной структуре романа. Первый уровень – это конфликт отцов и детей. Второй уровень являет собой духовные поиски героев. К нарративным модификациям автора в романе «Братья Карамазовы» следует отнести такие, как появление блудного родителя, присутствие отца «кровного» и «духовного», любовного треугольника, отсутствие диалога, возвращения, а также разделение «блудного» сына на три ипостаси, как и в романе «Униженные и оскорбленные».

Мифологема «блудный сын» сопрягает различные нарративные стратегии в творчестве Ф. М. Достоевского, делая нарративное пространство романов своего рода «экспериментальной

площадкой», которая раскрывает духовно-нравственную шкалу героев романа и мироощущение нарратора. Мы рассмотрели три романа, три интерпретации мифологемы «блудный сын». Все они свидетельствуют, что архетипический мотив, при всех трансформациях, сохраняет свою узнаваемость, обнаруживает себя независимо от воли автора, наполняется каждый раз новым содержанием.

Литература:

1. Кудрявцев Е.Г. Три круга Достоевского. – М.: Литература,1979. – 180 с.
2. Шмид В. Нарратология. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Языки славянской культуры, 2008. – 304 с.
3. Шмид В. Нарратология. – М.: Языки славянской культуры, 2003. – 312 с. – (Studia philologica)
4. Габдуллина В. И. Роман Ф. М. Достоевского «Преступление и наказание»: притчевая стратегия в аспекте динамической поэтики // Времена и духовность: сборник в честь 70-летия академика НАН РК С. А. Каскабасова. — Алматы: Арда, 2010. — С. 94—100.
5. Габдуллина В. И. Нарративные стратегии Достоевского: от замысла к воплощению // Русская словесность в России и Казахстане: аспек ты интеграции: материалы Международной научно-практической конференции (15—16 сентября 2011 г.). — Барнаул: АлтГПА, 2011. — С. 100—107
6. Чернов А.В. Архетип «блудного сына» в русской литературе Х1Х века // Евангельский текст в русской литературе XVIII – XX веков. Петрозаводск, 1994. С. 152.

УДК 800.93:004

АББРЕВИАЦИЯ В АНГЛИЙСКОМ КОМПЬЮТЕРНОМ СЛЕНГЕ

Боркулакова Ж.К., Грибенюк М.А.
(ТарГУ имени М.Х. Дулати)

Сленг – это особый исторически сложившийся и в большей или меньшей степени общий всем слоям говорящих вариант языковых (преимущественно лексических) норм, бытующих в основном в сфере устной речи и генетически и функционально отличный от жаргонных и профессиональных элементов языка.

Для определения роли сленга в общей лексике языка целесообразно стилистически дифференцировать всю лексику на признанную литературную, включающую в себя книжнописьменную, общую и разговорную, и нелитературную, которая охватывает сниженную разговорную лексику, сленг, жаргон арго и вульгаризмы.

Трактовка сленга как самостоятельного явления оправдана особенностями развития современной коммуникации, узнаваемостью этой лексики и достаточно широкой ее употребительностью.Роль сленга неуклонно возрастает, так как сленг это часто и повсеместно употребляющиеся в речи слова.

Слова и выражения сленга являются синонимами к общеупотребительным наименованиям и имеют фамильярно разговорную, а иногда даже вульгарную окраску. Эти слова делают речь более живой и красочной. Многие из этих слов отличаются большой выразительностью и образностью.

Сленг употребляется не только в разговорной речи представителей различных слоев населения, особенно молодежи, но и в художественной литературе, в периодических изданиях, в газетах и журналах, а также на сцене, и даже в рекламах.

Этот слой лексики является особенно живым и характеризуется неустойчивостью: он непрерывно пополняется новыми словами, которые в свою очередь в силу общеупотребительности становятся банальными и либо выходят за пределы сленга, становясь словами фамильярно – разговорными, либо исчезают вообще, уступив место другим новым словам.[1]

В разные периоды истории лексические заимствования из языка в язык, словообразования осуществляются с разной интенсивностью: в одни периоды появляется больше слов, в другие – меньше, и связано это с общественной жизнью, с характером политического, экономического и культурного развития того или иного общества. Так в конце прошлого века компьютеризация общества вызвала рост числа пользователей, что явилось причиной появления компьютерных терминов. Затем появился Интернет, что сделало компьютерные технологии еще более используемыми. Компьютерный сленг произошел от профессионального жаргонапрограммистов, работавших с первыми ЭВМ. Настоящий, же расцвет этого языка пришелся на время с 1967 по 1987 годы и на годы после 1995, когда в продажу поступила операционная система Windows. Благодаря исключительной простоте и ориентации на Интернет, она привела к притоку пользователей, которые выполняли двойную функцию:

−привносили новые понятия в компьютерный сленг;

−способствовали проникновению компьютерного сленга в общеупотребительный язык.

В последнее время произошло также повальное увлечение компьютерными играми. Это опять же послужило мощным источником новых слов из английского языка. Широчайшее применение технологий во всех сферах жизни стало настолько огромным, что это начало влиять на процессы, происходящие в языке. Особенно это коснулось лексики и стало причиной создания целой системы терминов, используемых ранее только профессионалами.

Такие термины носят название «техницизмы» и «профессионализмы». И что самое интересное, теперь большинство из этих компьютерных терминов, ранее известных только узким специалистам, стало использоваться в ежедневном обиходе многих людей. Мало того, постепенно эти термины стали выделяться как сленговые выражения. Его используют и обычные пользователи, и профессионалы, которым ежедневно приходится сталкиваться с компьютерами. В большинстве своем компьютерный сленг формируется на основе английских слов, так как компьютерные технологии зародились именно в англоязычных странах.

Компьютерный сленг – это разновидность сленга, используемого как профессиональными (например, IT-специалистами), так и другими пользователями компьютеров.[2] Компьютерный сленг использует слова, относящиеся ко всем четырем группам нелитературной лексики. Таким образом, этот термин невозможно причислить ни к одной отдельно взятой группе нелитературных слов. Это и позволяет определить термин компьютерный сленг, как слова, употребляющиеся только людьми, имеющими непосредственное отношение к компьютерам в повседневной жизни, заменяющие профессиональную лексику и отличающиеся разговорной, а иногда и грубо-фамильярной окраской.

Компьютерный сленг – это интересный языковой феномен, который ограничивается социальными, временными и пространственными рамками, это группа особых слов или новых значений уже существующих слов, употребляемая в различных социальных объединениях.

Существование компьютерного сленга позволяет специалистам понимать друг друга с полуслова, служит элементарным средством коммуникации. Сленг помогает ускорить процесс адаптации, в ситуации стремительного развития компьютеров.

В настоящее время словарь компьютерного сленга включает в себя очень большое количество слов, так как он постоянно пополняется. Сюда можно отнести целую группу жаргонных слов, которые характеризуют поведение и уровень пользователей, сталкивающихся с компьютерными технологиями.

Постепенно часто повторяющиеся действия на компьютере, компьютерные оборудования также стали иметь свои жаргонные значения.

С точки зрения тематики, выделенные лексические единицы охватывают следующие предметно-тематические области:

1) программы;

2) символы, знаки;

3) действия;

4) функции, команды;

5) системы;
6) детали и устройства;
7) (информационные) единицы измерения;
8) обозначения и характеристики людей, связанных с программированием. [3]

Создание сокращенных слов-неологизмов, значительно пополнивших словарный состав английского языка в последние десятилетия, демонстрирует продуктивность этого типа словообразования и экономное расходование языковых ресурсов носителями языка. Происходит экономия места в письменной речи, сфере преимущественного использования сокращенных слов, так как вместо многокомпонентных и громоздких оборотов или сложных слов создаются цельнооформленные единицы, представляющие собой либо замены вышеназванных единиц. Сокращение как способ словообразования представляет собой довольно обширный пласт слов в составе любого языка. Однако в лингвистике существуют разнообразные классификации сокращений. Основные структурные типы сокращений: слоговые, сложнослоговые и инициальные.

Инициализмы, которые образуются из начальных букв сложных слов или словосочетаний, но произносятся как последовательно разложенные буквы алфавита, называются аббревиацией: BFE <BalticFuturesExchange; CVD <countervailingduty; FGT <federalgifttax; etc.[4]

Особое место в сфере компьютерного жаргона занимает аббревиация. Быстрое и непрерывное увеличение количества информации, широкое распространение сложных наименований, особенно в терминологии и номенклатуре, вызывает естественное стремление пишущих сократить объем текста путем введения в него разного рода аббревиатур.

Создание аббревиатур – один из больших и быстроразвивающихся процессов; это – естественная, старая и универсальная тенденция языка. Аббревиация является также одним из самых продуктивных способов сокращения объема текста.

То же правило справедливо и для букв. Если буква стоит отдельно, что для нее не типично в обычной речи, нужно иметь в виду ее произношение (C U – seeyou). У них также есть свои нюансы.

Буква	Значение	Примеры
B	глаг. be, сущ. bee, [bi]	b there (be there), 2b or not 2b (to be or not to be)
N	and как в rock’n’roll	y n u (yes, and you?),
R	глаг. are, [a], [r]	r u ok (are you ok?), r8 (right)
C	глаг. see, [si]	I c (I see)
U	местоим. you, [Λ], [u]	luv u (love you)

Таблица 1. Буквенные аббревиатуры

Особенно большое количество аббревиатур характерно для так называемых «чатов». «Чат» (от англ. tochat – болтать) – синхронный вид электронного общения, как в телефонном разговоре, однако обмен «репликами» происходит не в устной форме, а в письменной.[5]

Ряд аббревиатур представляет собой креолизованные тексты, т.е. характерно не только словесное изображение, но и зрительный ряд, в большинстве случаев, цифры: 2L8 – TooLate; 4 – For; BBL8R – BeBackLater; NE1 – Anyone; W8 – Wait; W8N – Waiting.[6]

Как для написания SMS, так и для разговоров в сети английские буквы, цифры, сочетания слов и аббревиатуры применяются довольно закономерно. Например, если для уменьшения длины лексемы используется цифра (sk8 — skate), то чтобы понять смысл, нужно прочитать буквы как обычно и полностью произнести название цифры.

Цифра	Значение	Примеры
2	Частица to , too — «тоже», числительное two, сочетание звуков [tə]	2day (today), going 2 wrk (going to work), me 2 (me

		too),
4	Предлог for, числительное four, сочетание [fo]	4ever (forever), gud 4 u (good for you)
8	Числительное eight, сочетание звуков [eit]	m8 (mate), l8er (later)

Таблица 2. Креализованные тексты

Наиболее частые сокращения в английском языке онлайн и СМС-общения.

Lol	laughingoutloud (умираю от смеха, ржу не могу)
Btw	by the way (кстатиговоря)
c u	see you (увидимся)
b4n	bye for now (ладно, пока)
rofl	rolling on the floor laughing (катаюсьпополуотсмеха)
b/f	boyfriend (бойфренд, парень) и аналогично — g/f
imho	in my humble opinion (помоемускромномумнению)
imo	in my opinion (по-моему)
asap	assoonaspossible (как можно быстрее, как только так сразу)
brb	be right back (скоровернусь)

Таблица 3. СМС сокращения

Таким образом, аббревиация в настоящее время стала полноправным способом словообразования, имеющим свои методы и правила. Словообразование с помощью аббревиации появилось не так давно, однако оно уже получило широкое распространение. Использование и употребление в своей речи заимствования обогащает язык и повышает культуру речи говорящего и пишущего, знание этих слов расширяет кругозор человека, вводит его в мир других языков, помогает ему лучше ориентироваться в современной жизни. И главной проблемой теперь становится правильное понимание значение иностранного сокращенного слова и условие его уместного использования.

Литература:

1. МатюшенковВ.С.Dictionari of slang in North America, Great Britain and Australia.Словарь английского сленга. Особенности употребления сленга в Северной Америке, Великобритании и Австралии. – М.: Флинта: Наука, 2002. – 176с.
2. Компьютерный сленг https://ru.wikipedia.org/ // Интернет – ресурс.
3. Пичкур А.И., Трещева М.С. Компьютерный жаргон «Usertalk» как лингвистическое явление // Язык и культура. Самара, 1999. – С. 69-73
4. Англоязычный компьютерный сленг http://main.isuct.ru/ // Интернет – ресурс.
5. Особенности организации компьютерной лексики http://arch.kyrlibnet.kg/ // Интернет – ресурс.
6. Аббревиация в современном английском языке http://cheloveknauka.com/ // Интернет – ресурс.

ӘӨЖ 81.01

АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бостан Е.Қ., Сабырова Ж.Ж., Қадыров Ж.Т.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Арнау өлеңдерінің жанрлық табиғатын саралау, оны басқа жанрлардан ажыратып көрсету, оның өзіндік ерекшеліктерін байыптау – бүгінгі күнгі жанр мәселесімен тығыз байланысты күрделі проблемалардың бірі.

Қай халықтың болсын поэзиясында бір-біріне ұқсас жанрлық түрлердің тууы, қатар өмір сүруі - әдеби процестегі табиғи құбылыс. Сондықтан да болар қазақ поэзиясының жанрлық түрінің бірі – арнау өлеңдері толғау, терме, жоқтау және т.б. жанрларымен қатар, кейде синоним ретінде қолданыла беретіндігі.

Арнау өлеңдерінің өз алдына жанрлық түр екенін арнайы талдап айтқан еңбек болмағанымен, бұл туралы А.Байтұрсынов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Р.Бердібаев, Б.Кәрібозов, М.Мырзахмет өз еңбектерінде қазақ поэзиясының жанрларының бірі екенін жоққа шығармайды.

Қазақ әдебиеті теориясында ғана емес, дүниежүзілік әдебиет теориясында да жанр табиғатын айқындауға байланысты пікірлер әрқилы, бір ізге түспеген. Бұл туралы З. Қабдолов: «жанр мәселесі маңында шартты пікірлер көп. Әдебиет теориясын толғайтын кітаптардың көбінде әдебиеттің тегі – жанр, әдеби шығарма – жанрлық түр» - [1, 284 б.] деп жүр дейді. Сондай-ақ әдеби шығарманың жанрлық түрін анықтау мәселесінде З. Қабдолов мына мәселелерді басшылыққа алуды ұсынады. Оның: «... әр жанрдың әдеби түр ретінде тууы мен дамуының негізінде мазмұнының ұлан-ғайыр құбылулыры – пайда болуы, өзгеруі, өсуі, өшуі жатар. Жанр жайлы сөз қозғағанда, міне, дәл осы құбылуларды әрқашан есте ұстап отыру шарт. Сонда біз жанр жайын байыптауға әншейін пішін тұрғысынан емес, мазмұн тұрғысынан келеміз де сыртқы белгілері мен өзгешеліктерін жіпке тізіп тынбай, оның ішкі даму заңдылығының тарихын талдап, текскретін боламыз» - [1, 286 б.] деуі біз қарастырып отырған арнау өлеңдерін де толғау, терме, халық лирикаларының басқа жанрлық түрлері секілді мазмұны, пішіні, тақырыбы, белгілі объектіге аранп айтылуы тұрғысынан саралап, жанрлық түр ретінде талдап тануға болатынын көрсетеді. Сондай-ақ қазақ поэзиясында арнау деп ат жамылған ұлан-ғайыр поэзиялық мұралардың молдығы да бұл жанрлық түрдің үнемі даму, өсу үстінде екенін де байқатады. Бір жанрлық түрдің жойылуы, екіншісінің пайда болуы немесе бірнеше жанралық түрдің бірігіп жаңа мазмұнға ие болуы - әдебиеттегі заңды құбылыс.

Жоғарыда келтірілген пікірлерге сүйенсек, арнау өлеңдерін қай тұрғыда қарастырсақ та оның өз алдына жеке өмір сүруге, жанрлық түр ретінде жеке аталуға заңды құқығы бар екенін көрем із. Егер басшылыққа шығармадағы мазмұнды алсақ, арнау өлеңдері басынан аяғына дейін бір объектіге қарап айтылған белгілі мазмұнға құрылған, тақырыптық тұрғыда алып қарастырсақ, арнау өлеңдерінің тақырыптары сан алуан болғанымен, ол да адам, жер, қоғам, халық, алла тағала және т.б. нақты объектіге арналған. Ал тарихи даму тұрғысынан келсек, ежелгі кезеңнен бастап кейінгі кезеңге дейін өзінің дамуын тоқтатпаған арнау өлеңдері талай ірі жанрлардың қалыптасуына негіз болған. Типологиялық тұрғыдан көз жіберсек, арнау өлеңдерін халық поэзиясы мен қазіргі лирикамыздың кез-келгенімен салыстыра зерттеп, өзіндік ерекшелігін ашуға болатынын көреміз.

Жанрды анықтау мәселесіне байланысты жоғарыда аталған ұсыныстармен қатар басқа да ой-пікірлер талданады. Ол мәселелер арнау өлеңдері жанрын анықтау тұрғысында пайдаланыла отырып, дұрыс, бұрыс көзқарастарға талдау жасалады.

Жанр қатып қалған мазмұнды білдіретін түр емес. Ол – үнемі даму үстіндегі құбылыс. Қандай да жанр болмасын өзінің даму кезеңінде тек қана архаикалық белгілерді сақтап қоймайды, сонымен қатар жаңа элементтрерді де қосып алып дамиды. Сондықтан да жанрдың

мәнін дұрыс түсіну үшін оның қайнар көзін анықтап алу қандай керек болса, ежелден қалыптасқан жанр мен кейін пайда болған жанрды бір-бірімен теңестіре қарамау керек. Егер біз жанрдың өмір сүруін синхронды және диахронологиялық тұрғыда қарамасақ, бір әдеби шығарма мәтінінен екінші әдеби шығарма мәтінінің бөлініп шығуын, пайда болуын ажырата алмаймыз. Бұл айтылып отырған мәселе арнау өлеңдері жанрына тікелей байланысты.

Арнау өлеңдерінің жанрлық ерекшелігін Қ. Жұмалиев: «Арнаулар – біреуге немесе көпшілік қауымға бағыштай жырланады,» - [2, 238 б.] деп айшықтаса, З.Ахметов: «Арнау өлең – белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды,» - [3, 35 б.] деп түйіндейді. Ал М.Мырзахмет: «Арнау өлең – поэзия жанры. Әрбір заман тудырған арнау өлеңдерінің идеялық мазмұны сол өлеңді тудырушы ақынның өмір сүрген саяси-әлеуметтік ортасымен тікелей байланысты» - деп арнау өлеңінің жанрлық түр екендігін анық айтқан.

К.Сейдеханов та арнау өлеңдерінің белгілі бір объектіге бағытталатынын айта келіп: «... өзге ұлттар поэзиясында жанрлық түр ретінде қалыптаспағаны байқалады. Ал, қазақ халық лирикасында арнау өлеңдер байырғы түрге жатады» - [4, 128 б.] деп арнау өлеңдерінің тарихы тереңде жатқанын тілге тиек етеді.

Ал арнау өлеңдерінің қазіргі қазақ поэзиясындағы бағыт-бағдар, ерекшелігін Б.Кәрібозов былайша түйіндейді: «Арнау лирикалық белгілі бір объектіге арнап шығарылады, оның адам, табиғат, не оның құбылысы, деректі зат күйінде келе беруі мүмкін. Өлең белгілі бір объектіге арнап шығарылғандықтан да арнау лирика үлгілері нақтылығымен, деректілігімен ерекшеленеді. Арнауда ақынның екінші жаққа қарап сөйлеуі, оның объектісіне сипаттама, суреттеме жасауы шешуші қызмет атқарады».

Арнау өлеңдерінің ерекшелігін сипаттауға арналған ғалымдар пікірінің басты-бастысы – осы. Егер байыптап қарап отырсақ, арнау өлеңдерінің негізгі ерекшелігі белгілі бір объектіге қарап шығарылатынын пікір айтушылардың барлығы қайталанады. Сонымен бірге әр ғалым бұған өзіндік үлес қосып, бірі – мазмұндық, екіншісі – тақырыптық, үшіншісі – тарихилық, төртіншісі – лириканың басқа салаларымен байланыстылығын қоса айтады. Бұл заңда. Себебі әрбір ғалым арнаудың басты ерекшелігін айтумен қатар, ондағы өзінің зерттеп отырған мәселесіне қатысты жағын да қозғай кетеді. Бірақ кейде лирикада нақтылық, деректілік кейбір сәттерде болмаса, бола бермейтінін көбіне ұмытып оны арнауға тән деректі, нақтылыққа алып келіп таңамыз. Немесе арнау өлеңдері лиризмнен гөрі жауынгершілік, ирониялық рухқа толы екенін ескере бермей тағы да нәзік лирика ретінде қарастырғымыз келеді.

Арнау өлеңдері – уақыт тудырған жанрлық түр. Сондықтан да онда бір объектіге бағыттала отырып сол заман сөзін айту бар. Бұл – оның мазмұнындағы ерекшелік. Сондай-ақ уақыт талап еткен тақырыптық сұраныс бар. Ол сұранысқа бірде қалың ел қазағына, бірде ақ кигізе салып көтерген ханына, бірде туған жер, жайлы қонысына, тіпті, соңында халқын қан жылатқан жемқор, арамзаларға арнаған тақырыптарымен де жауап беретіндігі – арнау өлеңдерінің өзіндік ерекшелігінің тағы бір көрінісі.

Арнау өлеңі көңіл-күй сазын шертетін түр емес, атын атап, түсін түстеп айтатын поэзиялық түр, сондықтан оған өз ойын жеткізетін арнайы өлең өрімі керек. Бұл арнау өлеңі өзіндік айтылу, мазмұнды беру формасын керек ететін қасиетке де ие екенін көрсетеді.

Арнау өлеңдері халық лирикасының көптеген жанрлық түрлерінен өзінің тұтас бір аяқталған ойды беретін формасымен ойды беретін формасымен, философиялық нақты ойымен, белгілі бір тарихи, деректі оқиғаға байланысты тууымен ерекшеленсе, толғау жырларынан тақырыптық айқындылығымен, айтпақ ойын тек толғау түрінде ғана емес, терме, қара өлең, жыр, яғни кез-келген өлең өлшемі, өлең ұйқасымен жеткізе алатындығымен де ерекшеленеді.

Жыраулар поэзиясы туралы сөз еткенде, олардың негізгі қолданған жыр үлгісі толғау екенін баса айтамыз. Бұған мысалға арнау ретінде туған көптеген толғауларды алға тартамыз. Осындай саралау термеге де, кейінгі поэзиямыздың үлгілеріне де байланысты, яғни әрбір зерттеуші толғау, терме, халық лирикалары, кейінгі кез поэзиясының түрлерін сөз ете отырып, одан бір өлең үлгісі, бірі берілу формасын басты шарт етеді. Ал сонда толғау түрінде туған арнаулар терме түрінде туған жырлардан, немесе Абай негізін салған кейінгі кез әдебиетіндегі

арнаулардан өзгеше ме? Жоқ, мұндағы ерекшелік тек берілу формасында ғана. Ал мазмұндық, тақырыптық, айтылмақ ойдың нақты, деректі объектіге бағышталуы сақталып қалып отыр. Сондықтан да ауыз әдебиетіміздің бастап ежелгі әдебиетіміз, жыраулық поэзиямыз, кейінгі поэзиялық түрлеріміздің ұзақ тарихында өзінің туу, қалыптасу, даму, өркендеу, өзгеру қасиеттерімен сақталып келе жатқан арнау өлеңдері – кезінде де, бүгін де ауыз әдебиетінің және жазба әдебиетінің ауыр жүгін көтерген жанрлық түр. Ол тек бір салаға ғана емес, бірнеше салаға ортақ жанр.

Арнау өлеңдерінің жанрлық түрі ретінде қалыптасуының ұзақ тарихы бар екенін басқа халықтар әдебиетіндегі осы тектес жанрлық түрлерді зерттеушілер еңбектерінен де көреміз.

Арнау – белгілі бір объектіге (жеке, жи ынтық) арналған поэзиялық жанр. Ол - өлең мәтіні ішінде көрінетін автордың белгілі бір тақырыпқа өзінің объектісімен ой бөлісуі (философиялық, эстетикалық, қоғамдық-саяси, өмірлік түрлі тақырыптарға) түрінде пайда болған жанрлық түр. Арнау адресаты тақырыпта тура (эксплицитті) немесе жанама (имплицитті) түрде берілуі мүмкін. Арнаудың кімге бағытталуы өлең мазмұнында қайрылу, өтініш, риторикалық сұрақ, шақыру, бұйыру түрінде көрінеді. Өлеңнің кез-келген поэтикалық шартында бұл жанрлық түр автордың өмірінде туындаған ой-толғанысын, басқа да мәселелерді поэзиялық тілмен жеткізіп, бағытталған нысананы өнер туындысының объектісіне айналдырады.

Арнау жанрлық түр ретінде адресатпен диалог құруға мүмкіндік беретін поэзиялық түр ретінде айқындалады. Бұл – оның өзіне ұқсас басқа жанрлардан өзгешелігін көрсететін типологиясы. Себебі басқа жанрлар да белгілі бір объектіге бағытталғанымен оның мақсаты басқа. Мысалы ода – мақтау, монолог – ой айту, лирика – сырласу, сатира мен эпиграмма – күлкі ету, бірақ объектімен диалогиялық қарым-қатынасқа түспейді.

Арнау өлеңдерінде белгілі бір алресатпен диалог құру ерекшелігі бар. Бұл жерде адресат дос, дұшпан, ел, жер, табиғат және т.б. болуы мүмкін. Адресаттың осындай әртүрлілігі авторға өзінің толғанысын, көкейдегі ойын, айтпақ сыны мен мысқылын және т.б. көңіл-күйін басқаға жеткізуге мүмкіндік береді. Ал, бұл арнаудың толғау, терме, сатира, лирикаларымен іштей қабысуға мүмкіндік беретін тұсы.

Арнаудың диалогтік мүмкіндігі өте кең. Жырау, ақын өзінің поэтикалық ойын білдіруде жеке адаммен де, өзімен де, халық, жер, сумен де, табиғат құбылысымен де, тарихи кезеңмен де, қоғамдағы өзгерістермен де және т.б. кеңесе, сөйлесе алады. Сондықтан да ол өзінің өміршеңдігін ешқашан жоймаған, жоймайды да. Осы тұрғыдан алғанда арнау өлеңіндегі адресат – жиынтық тұлға. Ал, бұл жиынтық тұлға – арнау жанрын туғызушы, айқындаушы компоненттерінің бірі. Адресаттың әртүрлі моделі арнау өлеңдерінің жанрлық түрінің іштей өзара жіктелуін туғызады.

Арнаудағы диалог ол толық формадағы диалог емес, оның деталдары ғана. Бұл арнау жанрының кез-келген уақытта өз объектісінен жауап алуға мүмкіндігі бар екенін көрсетеді.

Арнау өлеңдері – күрделі поэзиялық шығарма. Оның өзіндік жанрлық ерекшелігін, басқа жанрлармен ұқсатығын сөз ету үшін оны толғау, терме, жоқтау, мақтау секілді жанрлық түрлермен салыстыра қарастырып, осы тұғырда айтылған басқа ғалымдардың көптеген ой-пікірлерін ортаға салдық.

Қазақ поэзиясында өзінің ерекшелігімен, көркемдігімен, тамырын тереңнен алып жатқан ұзақ тарихымен ерекшеленетін арнау өлеңдері – халқымыздың поэтикалық мол мұрасының бірі екені даусыз.

Әдебиет:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: 1983. – 297 б.
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1969. – 186 б.
3. Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: 1996. - 240 б.
4. Сейдеханов К. Қазақтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1974. – 310 б.

ӘОЖ 821.512.122

ЕСЛӘМ ЗІКІБАЕВТЫҢ ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Габдулина М.Г., Кадырменова А.С.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Ежелден ата-бабаларымыз мекендеген Солтүстік өңірдің төңірегі өзінің қазына байлығымен, әсем табиғатымен, сұлу көркімен, ақ қайыңдарымен әлемге аян. Ғажайып сырға толы бұл өңірден қаншама дарынды адамдар шықты. Тылсым табиғат талай қаламгерлерді, ақын, жазушы, ғалым, сыншыларды өмірге әкелген. Сол топырақта туып-өскен, есімі елімізге танымал аса көрнекті ақын, көркемсөз шебері Есләм Зікібаевтың есімі бүгінде үлкен құрметпен аталады.

Ақын да өз дәуірінің, өз заманының, өз уақытының перзенті. Өзегін жарып шыққан өлеңдерінде ақын оқырманымен сырласады, мұңдасады, үндеседі. Осы тұрғыдан келгенде, ақын Есләм Зікібаевты бұрын жақын араласып, бірге қатар жүрмеген адамның да танып-білуі өміршең өлеңдері арқылы мүмкін болмақ. Солтүстік өңірде сонау Қожаберген жырау, Сегіз сері, Біржан сал, Шал ақындардан тамыр тартқан, кешегі Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Сафуан Шаймерденов, Кәкімбек Салықов, Ермек Қонарбаев, Ерік Асқаров т.б. жалғастырған ақындық, жазушылық өнердің көш-керуенінде Алашқа аты белгілі ақын, аудармашы, публицист Есләм Зікібаевтың да қалдырған ізі сайрап жатыр.

«Ақ қайыңдар», «Аққу арман», «Мен космонавт боламын», «Ақ айдын», «Ақ қайнар», «Ақ сағым», «Алтын сағым», «Құс ғұмыр», «Дүние жалған», «Арна», «Жыр тағдырым», «Қас қағым сәт», «Армандай ғұмыр», «Өмір – бәйге» жинақтарының авторы Е. Зікібаевтың 2011 жылы жарық көрген «Таңдамалы өлеңдер жинағындағы» бірталай шығармаларындағы тілдік тұлғаның көрінісін байқадық. Ерекше назарға алып талдауымызға түскен ұлттық бояуды айнытпай танытатын тұрақты тіркестер болып отыр.

Ақын жырларында фразеологизмдердің Р. Авакова, Г. Смағұлова, Ж. Қоңыратбаевалар жіктеп көрсеткен тақырыптық-мағыналық топтарына [1, 12 б.] негізделген ой жүктейтін көптеген жолдарды кездестірдік.

Ақын «Бақыт қайда» өлеңінде оқырманға сұрақ қояды да *уайымсыз, қайғысыз, төрт құбыласы тең* мағынасында жұмсалған *басы аман, бауыры бүтін* соматикалық тіркесі арқылы өзі салмақты жауап қайтарады.

Бақыт қайда?
Береке-бірлігінде,
Бағалап жатыр оны кім бүгінде
Бақытты бойындағы көрмейді Адам
Басы аман,
Бауыры бүтін,
Тірлігінде!.. [2, 222 б.].

Қазақ тіліндегі анатомиялық атаулардың ішіндегі фразеологизмдерді жасауда қызметі жағынан, ең өнімдісі – көз. Мысалы, «Жеңіс нұрында» *анықтап қарау, кідіріп қарау* мағынасы *көз тоқтатумен* беріліп,мағынасы қатар қойылып жазылған.

Көз тоқтатып қарағанға –
Кіл қайшылық саналарда [2, 42 б.].

Ақын өлеңдерінде адамның керемет күш, ғажап өмір иесі екенін ғана суреттемей, оның пенделік қылып, қателікке бас ұратын сәттерін, адамның шыдамсыздық, ашкөздік сияқты әрекеттерге бейім екендігін «Алдыменен АДАМНЫҢ өзі – аждаһа, Көңіл тойған кезде де *көз тоймайды»* [2, 57 б.] жолдары арқылы ұтымды жеткізген. Ақынның фразеологиялық тіркесті ойды нақты беруде қолдану шеберлігін де айқын көруге болады.

Ана мен бала лирикасына негізделген «Жұбатса екен ананы» атты өлең жолының бір шумағында *көңілі толды, құмары тарқады* мағынасымен басталып *айнымай ұқсаған* мағынасымен жалғасып «көз сұғым, тіл сұғым өтіп кетпесін» тілегімен қорытады.

Ер жетті балам қарасаң *көзің тойғандай*,
Әкесінен аумай –
Аузынан түсе қойғандай.
Тіл-көзден аман болғай деп әр кез тілеуші ем [2, 80 б.]

Көз жұмар сәтте деп түсіндірілген жолда *өмірден озу, бақилық болу* мағынасы қаралады. «Ұрпағы қалса артында» [2, 283 б.] «БАҚЫТТЫ АДАМ – сол АДАМ» деп, жауһар, жаһұт, алтынның түк мәні жоқ екенін дәлелдей түседі.

Өлең жолдарында ой өрбіту қарекетін орындауда соматикалық тұрақты сөз тіркестерін пайдалану – тілі орамды ақынның ұтымды әдісі. Е. Зікібаевтың «Қап-қара түн» туындысында «ақ көңілдің қарамен қапталатынын» айта келіп, -

Бірі жанса жұлдыздың мыңы сөніп,
Әл заматта тірліктің гүлі солып,
Көзге түртсе көрінбес қара түнек –
Үміттің де жатқандай *қас қағымда*

бірі жанса жалтырап, мыңысы өліп [2, 199 б.], бір ауыз ойды жеткізуде екі фразеологиялық тіркесті арқау етеді. *Көзге түртсе көрінбес* [3, 369 б.] тұрақты тіркесін сөздікте берілген *қараңғы* мағынасында қолдана отырып, оның қасына сол мағынасын ашатын *қара түнек* тіркесін қосарлап жазады. Сонымен қатар, халықтық өлшем категориясына жатқызатын *қас қағымда* тұрақты тіркесін *лезде* мағынасында адамның ішкі сезімін ашып, үмітінің тез жанып тез сөнуін бейнелейді.

Қамықсаң да *қабағың шытпай*, жүдеп...
Талай тұста көрсеттің ықпай білек [2, 250 б.].
Ұққандай тұрлауы жоқ тіршіліктің
Қолын бір сілтейтінін шаршағанда [2, 223 б.].
Бесіктегі сәби шошып оянып,
Жар құлағы жастық көрмей жүдеген [2, 225 б.].
Көкірек көзі ашық білген жанға –
Даналықпен көрінер ДАРАЛАНЫП! [2, 275 б.].
Ұлы дерлік Ұлдарынан айрылды,
Қабырғасы қақырады, қайғырды [2, 225 б.].
Күреске шықсаң, *беліңді бекем буып* шық,
Тірліктің заңы – келе де бермес кіл жеңіс [2, 283 б.].

Есләм жұмсаған *қабағын шытты (жақтырмаған кейіп білдірді), қолын бір сілтеу (лажсыз келісім, я қарсылық білдірудің қимылмен берілуі), жар құлағы жастыққа тимеді (тыным таппады), көкірек көзі ашық (зерделі, сана-сезімі бар), қабырғасы қақырады (берекесі кетті, қатты қайғырды), белді бекем буу (тәуекел етті)* сияқты фразеологизмдер тек тілдік единицалар ғана емес, бұлар бейнелеп, мәнерлеп әрі көркемдеп сөйлеу тілінде де, өлең сөз бен қара сөздерде жиі қолданылатын, белгілі бір стильдік мақсатта жұмсала беретін тіркестер.

Содан барып біреудің ұйып сенген сөзіне
Енді біреу *өтіңді құйып айтсаң* сенбейді [2, 179 б.] – жолдарында *өтін алып аузына құйды* фразеологизмін ақын *жанын шығара қыспаққа алу* мағынасын сақтап, бірақ өзіндік өзгеріспен қолданады.

Ақын шығармашылығындағы сан атаулары ұйытқы болған фразеологизмдерге тоқталсақ «Сен болмасаң» өлеңінде –

Татулықтың,
Бірліктің –
Жұбын бұзбас еш құйын.
Сенсіз маған –
Тірліктің

Өз құны да *бес тиын*... [2, 313 б.], - деп *қадірсіз, құны жоқ, беделі жоқ* мағынасын бес санының қатысуымен жасалған тұрақты тіркеспен эмоционалды әр береді.

Ақын өзінің «Амалы не», «Мәңгілік ескерткіші» сияқты бірді-екілі өлеңдерінде жан-жануарлар атаулары ұйытқы болған тұрақты тіркестерді пайдаланады.

Тірліктің *түлкі бұлаң* із тастауын

Айыра алмай келіппіз бала күнде [2, 176 б.].

Алдағы күндер *түлкі бұлаңмен алдады*,

Аласарып кетті ұрпағыңның асқақ арманы [2, 246 б.].

Өмірдің алдамшы күндерін, тағдырдың ескертусіз тайқып кететін қасиетін, болашақты болжап білудің келіпсіз екенін ақын *түлкі бұлаңға салды* [3, 463 б.] тұрақты тіркесімен бейнелеп көрсеткен. Бұл фразеологияның мағынасы *жалтартпа құлыққа басты* болып табылады.

Е. Зікібаев шығармасында алғыс мәнді тұрақты тіркестер де кездесті. *Көсегең көгерсін* фразеологизмін өлең жолында мағыналық өзгеріске ұшыратып ұтымды ой өрбіткен.

Өмір заңы –

Осылай өсе бердім,

Жақсылыққа жанымды төсегенмін.

Есептеген күнім жоқ шотқа салып –

Көгерерін не істесем *көсегемнің* [2, 97 б.].

Өлең – ақынның өмірі, сыры, шыны, қуанышы-сүйініші, реніші-мұңы, қысқасы қаламгердің сөзі – өзі. Өзі – бір ұлттың өкілі, бет-бейнесі, ішкі жан дүниесі сайрап жатқан ұлттық тәрбиеге негізделген құндылықтар болғандықтан да ақынның өлең-жырларының ішінде ұлттық болмысты танытатын тұрақты тіркестер баршылық.

«Жұбатса екен ананы» деген ана мен бала арасындағы байланысты суреттейтін өлеңінде *қолын жылы суға малу* деген фразеологиялық тіркес қолданылған.

Жылы суға енді *малар* деуші едім *қолымды*,

Тәңірім әлде көпсінді ме екен сонымды [2, 80 б.].

Ғасырлар бойы белгілі бір образды ұғымда қалыптасып, поэтизмге айналған фразеологиялық тіркестер қазақ ақын-жырауларының бірден-бір мықты құралы болып келді. Есләм да бұл амалды берік ұстайды.

«Әйгерім-ау, Әйгерім» өлеңінде *жорамалдау, сәуегейлік жасау* мағынасында қолданылатын көне тұрақты тіркестердің бірі *құмалақ салу* орын алған.

Ташбих тартып, *құмалақ сап*, бал ашып...

Ағасымен кейде айтысып, таласып [2, 286 б.].

Ал, «Мұхтарға» арнаған туындысында *сыр тарту, жайлап пікір-ойын білмек болу* мағынасындағы *тамырын басу* фразеологиясы «заманды болжап ұғу» ойына ұтымды алынған тіркес.

Жасыратыны не, биікте арман-мұратың –

Тамырын басып, заманды болжап ұғатын.

Тек өзің болдың, біз шала орыс боп кеткенде,

Сенің үйіңнен *қазақтың иісі* шығатын [2, 270 б.], - дегендегі *қазақтың иісі* деп «қазақ ұлтының айнымаған берекелі қасиетін» сақтау туралы, ұлттық болмысты айқындайтын ойдың бірін автор өз қолданысында экспрессивтік өңін одан әрі аша түседі.

Ақын шығармаларының ішінен діни бағытта қолданылатын тұрақты тіркестер де молшылық.

«Тәуба қылам», «Сенімім – серігім» және т.б. өлеңдерінде *тәуба қылам, тәубама келем, тәубама келейін* сияқты *асылық қылмады, астамшылық етпеді, шүкіршілік білдірді* мағынасында жұмсалатын тұрақты тіркесті жиі қолданады.

Бәрі өтпелі,

Дүниенің бәрі өтпелі...

Өтпелі өмір болған соң бәрі өкпелі.

Адамды *тәубесіне келтіретін*

Фәни деген бір ғана бар өткелі [2, 143 б.].

Өлсе де естен шығармаған ел ерін
Мәңгіліктің кепіліндей дер едім.
Бақ пенен сор, қайғы менен қуаныш –
Қиғаш ұғым бір-бірінен тым алыс
Болса дағы *пешенеме жазылған*
Бәрін-бәрін байлығым деп келемін! [2, 216 б.]

«Бәрін-бәрін» өлеңінде ақын *маңдайына бұйырмаған* мағынасында қолданылған *пешенесіне жазбаған* фразеологиялық тіркесін ақын грамматикалық өзгерістерге ұшыратып, бірақ негізгі мағынасын сақтай отырып қолданған.

Қалса да *пайғамбардың жасына кеп*,
Тайраңдап, тайыз судай тасып әлек.
Шал емес, шалсымақтың көбейгені –
Қорқамын азғындаудың басы ма деп [2, 151 б.]

«Айтқаным – ашық сырым» туындысында пайдаланылған *пайғамбар жасына келген* тіркесінің мағынасы – *шашына ақ кіріп қартая бастаған кісі, жасы алпыстан асқан кісі*.

Жаратқанның өзгермес *үкіміндей*,
Ортақ байлық, бәрінің хұқы бірдей.
Естіге де, есерге тең болған соң,
Бұл дүниенің қойғандай құты кірмей [2, 90 б.]
Алла әмірі десек те,
Оғаштықтан
Жаратқан соң құлыңды *сақта, құдай* [2, 69 б.]

«Хұқын біліп, парызын білмейтіндер» және «Алпыс-арман» деген өлеңдерде діни фразеологиялық тіркестер қолданылған. *Алла әмірі/ жаратқанның үкімі – тағдыр бұйрығы, жазмыштың қалауы, Құдай ұйғаруы* мағыналарымен түсіндірілсе, *Құдай сақтады–аман қалды* деген мағына береді, бұл жолда «Сақта, құдай» деп авторлық өзгеріске тілек білдіру есебінен ұшыраған.

Жолығардай бір бақыт алдан маған –
Армандағам, армансыз қалған ба адам.
Ақ дегенім кей-кейде *қара болып*,
Нала қонып, кезім аз алданбаған [2, 49 б.].

«Ақтық демі біткенше» фразеологиялық сөздікте *нала қылды* тіркесі *қапа-қайғыда болды* [3, 267 б.] деген мағынада берілген. Ақын осы ұғымға мағынажағынан жақындатып «ақ дегенім қара болып, нала қонып» тіркестерімен синонимдік қатар ұсыну арқылы өзінің ішкі сезімін берген.

Іздей де-іздей дүниедегі жоқ ШЫНДЫ,
Шағылып тауым, сабылып *сағым* көп *сынды*.
Төмен жүрсем де төпелейтіндер табылды,
Жоғарылап кетсем... Онымды тағы көпсінді [2, 132 б.].
Тататын дәм, ататын таңым барда
Сағым сынып, тауы шын *шағылғанда*
Сүйер-ау деп сүрінсем қолтығымнан
Сені іздедім шыңатқан шағылдарда [2, 294 б.].

Қорытындылай келе, қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды біздің мақаламызда көрсетілген түрлі әдістер және арнайы мамандардың көмегімен емдік-сауықтыру жұмыстарын жүргізуге болады. Дамуында ауытқушылығы бар баланы ерте жаста анықтап, ерте диагностикалау бұл қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың санының азаюына алып келетін еді. Біз зерттеген «Талсуат» Республикалық балаларды оңалту орталығы дамуында ауытқушылығы бар әр түрлі диагноздары бар балаларды емдеу-сауықтыру және оларды әлеуметтік бейімдеу бойынша барынша жұмыстар жүргізуде.

Әдебиет:

1. Ахметов М. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша-қазақша-ағылшынша. – Алматы: «Дейк-Пресс» баспасы,2009.
2. Аяпбергенова К. Қазақ тілі для медицинских институтов и училищ. – Алматы: «Рауан», 1995.
3. Беріков Н. Қазақ тілі сабақтары. – Алматы: «Ана тілі», 1994.
4. Доскеева Б.Ж. Қазақ тілі медициналық оқу орындарына арналған – Алматы: «Қайнар», 2002.
5. Жөкебайқызы З., Сейсенбекқызы С.Тәнтану. Адам және оның денсаулығы – Алматы: «Рауан», 1992.
6. Құрманбаева Ш., Болатов С. Қазақ тілі. Денсаулық сақтау саласына арналған оқу-әдістемелік кешені. – Алматы:«Қазығұрт»баспасы,2010.
7. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Медицина. – Алматы: «Рауан», 2000.
8. Момынов Т., Рақышев А. Медициналық сөздік (орысша-қазақша). Алматы, 1999.
9. Суатай С.Қ., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі – Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2013.
10. ФранкВ. Орысша-қазақша-ағылшынша пәндік сөздік. Алматы, 2000.

УДК 37.036

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ РЕЧИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Никода А.А.
(СКГУ им. М.Козыбаева)

В Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 гг. отмечено, что повышение значения дошкольного воспитания и обучения относится к числу общемировых тенденций. Дети, посещающие детский сад, лучше усваивают знания на всех уровнях образования и являются более успешными в жизни. Речевое развитие – залог успешного обучения[1].

Проблема речевого развития детей дошкольного возраста издавна привлекала исследователей в области детской психологии и педагогики. Разные аспекты речевого развития изучались как зарубежными психологами (Штерн, 1922; Бюлер , 1924, Пиаже, 1932) так и крупнейшими психологами советского периода (Выготский , 1956; Лурия, 1946; Эльконин, 1958) и педагогами (Я.А.Коменский, 1655, И.Г. Песталоцции, 1811, К.Д. Ушинский, 1912 и др.)[2, с. 3].

Становление методики развития речи и обучения родному языку произошло в 20-30 годы XX века. Однако, истоки лежат в педагогических системах прошлого. Актуальны и сегодня труды педагога Я.А.Коменского, который впервые обосновал: общеобразовательное и воспитательное значение языка, необходимость обучения и воспитания на родном языке,

создание школы родного языка, предназначенной для детей обоего пола без различия сословий и наций, принципы, задачи и содержание обучения языку на разных возрастных этапах [3].

Вопросы развития речи в условиях общественного дошкольного воспитания освещены в работах Е.И.Конради, А.С.Симонович, М.Х.Светицкой, рассматривались на первых съездах по дошкольному воспитанию. Но наиболее полно они представлены в трудах видного педагога Е.И.Тихеевой, создавшей систему работы по речевому развитию детей в детском саду, в основу, которой были положены прогрессивные идеи западной и русской педагогики. Рассматривая развитие речи в неразрывной связи с формированием личности ребенка, она определила основные задачи, содержание и методику обучения родной речи на материале ознакомления с природой и окружающей жизнью. Система развития речи детей, предложенная Е.И.Тихеевой прошла широкую проверку в детских садах и была положена в основу дальнейших исследований проблем речевого воспитания дошкольников[3, с. 6].

Воспитание звуковой культуры речи включает работу по обучению правильному звукопроизношению, которая всегда выделялась как ведущая линия развития речи детей 3-4 лет. Для развития артикуляционного аппарата широко используют звукоподражательные слова, голоса животных. Например, детям даются музыкальные инструменты- дудочка и колокольчик, дудочка дудит «ду-ду», колокольчик звенит «динь-динь». Таким образом, закрепляется произношение твердых и мягких звуков.

Дикция – это отчетливое и ясное произношение слов, слогов и звуков. Дикция отрабатывается с помощью потешек, поговорок, упражнений на договаривание слогов, называние слов, сходных по звучанию и т.д.

Необходимо уделять пристальное внимание воспитанию интонационного чутья, темпу речи, дикции, силе голоса, поскольку здесь заложены наиболее важные условия дальнейшего развития всех сторон речи. Для этого проводятся игры «Узнай по голосу», «Чей это голос». В таких играх дети учатся различать взрослых животных и их детенышей по звукоподражаниям (корова мычит громким голосом, а теленок тихим и тонким; лягушка квакает громко, а лягушонок тоненько).

От звукового оформления высказывания зависит его эмоциональность и выразительность, поэтому нужно научить детей отчетливо произносить простые фразы, используя интонацию целого предложения, а также регулировать темп речи в связном предложении. Детям предлагаются чистоговорки, фразы из стихотворений; они произносят их с разной силой голоса. Здесь очень важно менять интонации (спросить, ответить, передать радость, грусть, удивление).

В словарной работе главное внимание уделяется накоплению и обогащению словаря на основе знаний и представлений из окружающей ребенка жизни, активному применению разных частей речи – не только существительных, но и глаголов, прилагательных, наречий. Становление лексической системы родного языка происходит постепенно, и не все дети одинаково успешно овладевают семантическими единицами и отношениями[4].

Необходимо показать детям, что каждый предмет, его свойства и действия имеют названия. Для этого надо научить их различать предметы по существенным признакам, правильно называть их, отвечая на вопросы *что это? кто это?*, видеть особенности предметов, выделять характерные признаки и качества (*какой?*), а также действия, связанные с движением игрушек, животных, их состоянием, возможные действия человека (*что делает? что с ним можно делать?*). Такое обучение проводится в играх «Что за предмет?», «Скажи какой?», «Кто что умеет делать?». От называния видимых и ярких признаков (цвета, формы, величины) нужно переходить к перечислению свойств и внутренних качеств предмета, его характеристике, сравнению с другими предметами. Например, в игре «Кто больше скажет слов о яблоке?» Какое яблоко, а какой апельсин? Сравните апельсин и яблоко. Чем они похожи и чем отличаются?.

При назывании действий предмета или объекта или действий с этим предметом дети учатся видеть начало, середину и конец действия. Для этого проводится игра с картинками «Что сначала, что потом?». На одной картинке девочка стирает белье куклы, на другой –

развешивает. Ребенок не только называет действия, но и может рассказать о том, как девочка играла с куклой.

Рассматривая картинки, дети учатся называть слова с противоположным значением: кукла Маша большая, а Лена маленькая и т.д.

В целом, словарная работа направлена на подведение детей к пониманию значений слов, обогащение его смысловым содержанием, т.е. на качественное развитие словаря.

Большая работа проводится по обучению разным способам словообразования: названия животных и их детенышей, предметов посуды образуются с помощью разных суффиксов (заяц - зайчонок – зайчата).

Необходимо шире использовать глаголы для обучения детей разным способам глагольного приставочного словообразования (вошел – вышел, пришел – ушел).

В работе над синтаксисом речи необходимо развивать умения строить предложения разных типов – простые и сложные. Использование игровых сюжетов помогает детям заканчивать предложение, начатое воспитателем.

Развитие связной речи проводится на занятиях, н которых дети пересказывают литературные произведения, рассказывают об игрушке и по картине составляют рассказ. На этих занятиях в комплексе решаются все речевые задачи, однако основной является задача обучения рассказыванию. Дети подводятся к пересказыванию литературного произведения, обучаясь умению воспроизводить текст знакомой сказки или короткого рассказа сначала по вопросам воспитателя, затем совместно с ним. При рассматривании картин дети учатся сначала отвечать на вопросы по содержанию картины, затем их внимание обращается на действия персонажей картины, и только после этого они составляют короткий рассказ сначала вместе со взрослыми, а потом самостоятельно.

Необходимо формировать у детей представление об элементарной структуре высказывания описательного и повествовательного типа. При рассматривании предметов (или игрушек) дети отвечают на вопросы, которые помогают описать предмет, его свойства, качества, действия, назначение и подойти к составлению рассказов.

Очень важно учитывать разный речевой уровень детей, пришедших в детский сад из семьи, поэтому особое значение приобретает индивидуальная работа с каждым ребенком, а также игровые формы обучения, как на занятиях, так и вне занятий. Цель индивидуальной работы - развитие речевых способностей каждого ребенка. Эта работа проводится в обстановке естественного общения. Индивидуальная работа проводится в утренние и вечерние часы.

Работа по развитию речи детей проходит в определенной последовательности. Параллельно решаются все речевые задачи: воспитание звуковой культуры, формирование словаря и грамматического строя речи.

Работа по воспитанию звуковой культуры речи в средней группе включает: формирование правильного звукопроизношения, развитие фонематического восприятия, голосового аппарата, речевого дыхания, умение пользоваться умеренным темпом речи, интонационными средствами выразительности.

Дети средней группы знакомятся с термином «слово» и уточняют термин «звук», с которым они познакомились в младшей группе. Для этого проводятся игры и упражнения «Как слово звучит», «Найди первый звук», в которых дети учатся находить слова, близкие и разные по звучанию[4, с. 12].

В словарной работе внимание уделяется правильному пониманию слов, их употреблению и дальнейшему расширению активного словаря. Продолжается работа по активизации словаря детей названиями предметов, их качеств, свойств, действий (существительные, прилагательные, глаголы), уточняются обобщенные понятия *(игрушки, мебель, одежда, овощи, посуда)*.

Дети учатся понимать смысл загадок, сравнивать предметы по размеру, цвету, подбирают не только действия к предмету, но и предметы к тому или иному действию.

При знакомстве с многозначными словами (лапка, ручка) необходимо использовать наглядный материал (рисунки, иллюстрации).

Кроме того, нужно знакомить детей с происхождением некоторых слов; например, почему грибы называют *подберезовиком, подосиновиком, лисичкой, мухомором,* шапку – *ушанкой,* а цветок – *подснежником.*

В средней группе расширяется круг грамматических явлений, которые дети должны усвоить и без наглядного материала.

Продолжается обучение образованию форм родительного падежа единственного и множественного числа существительных (нет шапки, варежек, брюк) правильному согласованию существительных в роде, числе и падеже, развивается ориентировка на окончание слов при их согласовании в роде (добрый мальчик, веселая девочка). Образованию форм глаголов в повелительном наклонении дети учатся в играх, дают поручения зверятам, игрушкам, друзьям.

Работа с глагольной лексикой находит прямо выход в синтаксис. Составляя с глаголами словосочетание и предложения, дети начинают осваивать построение связного высказывания.

Продолжается формирование навыков повествовательной речи. Необходимо также детей средней группы учить включать в повествование элементы описания, диалоги действующих лиц, разнообразить действия персонажей, соблюдать временную последовательность событий.

Основной задачей в работе с детьми старшего дошкольного возраста по усвоению фонетической стороны речи и правильному произношению всех звуков являются дальнейшее совершенствование речевого слуха, закрепление навыков четкой, правильной и выразительной речи.

Дети могут уже подбирать слова с дифференцируемыми звуками разных частей речи (солнечный – звонкий, сажает –забывает). Для отработки дикции, силы голоса, темпа речи используются скороговорки, чистоговорки, загадки, потешки, стихи.

Со старшими дошкольниками продолжается работа по обогащению, уточнению и активизации словаря. В рамках модернизации отечественного образования можно предложить дошкольникам материал по темам: «Погода», «Противоположности», «Фигуры», «Цвета» на трех языках (казахский, английский, русский)[5].

Погода (күн шуақ –sunny–солнечный; ыстық – hot – жаркий; күн бұлтты – cloudy-облачный; жаңбыр – rain–дождь; дауыл –storm–шторм; салқын – cold - холод; қар – snow–снег; жел – wind–ветер; тұман – fog - туман);

Противоположности (биік – аласа,tall- short, высокий – низкий; баяу – тез, slow – fast, медленный - быстрый; ескі – жаңа, old – new, старый - новый; жеңіл – ауыр, light – heavy,лёгкий – тяжелый; қараңғы – жарық, dark – light, темный – светлый; үлкен – кіші, big – little, большой – маленький);

Фигуры(шаршы–square–квадрат; тікбұрыш – rectangle – прямоугольник; үшбұрыш – triangle– треугольник; шеңбер – circle–круг);

Цвета (қызыл – red – красный; жасыл –green - зеленый; көк - blue– синий; сары – yellow-желтый; қоңыр – brown- коричневый; қызғылтсары - orange- оранжевый).

Работа с синонимами способствует пониманию возможности подбирать разные слова со сходным значением и использованию их в речи. Подбирая слова, близкие по смыслу к словосочетанию (мальчик веселый – радостный; поезд идет – движется), дети учатся точности словоупотребления в зависимости от контекста. Составляя предложения со словами синонимического ряда, обозначающими нарастание действий (шепчет, говорит, кричит), они осознают оттенки значений глаголов.

В пересказывании литературных произведений дети учатся связно, последовательно и выразительно передавать готовый текст без помощи взрослого, интонационно окрашивая диалог действующих лиц и давая характеристику персонажам. Предлагаемые игры и упражнения развивают у детей ориентировку на смысловую, грамматическую и звуковую стороны слов.

Таким образом, необходимо дать детям полную ориентировку в типичных способах словоизменения и словообразования, воспитать языковое чутье, внимательное отношение к

языку, его грамматическому строю, критическое отношение к своей и чужой речи, вызвать желание говорить правильно.

Литература:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2010. - 52 с.
2. С.Н.Карпова, И.Н.Колобова. Особенности ориентировки на слово у детей. –Москва, 1978.- 166 с.
3. Саржанова А.Н. Методика развития речи. – Петропавловск: СКГУ им. М.Козыбаева, 2007.- 77 с.
4. Развитие речи и творчества дошкольников: игры, упражнения, конспекты занятий/ под ред. О.С.Ушаковой. – М.: Сфера, 2004. – 144 с.
5. My first book of colours. Oxford University Press. –А.:Алматыкітап, 2007. -28 с.

ӘОЖ 378

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Розбек А.
(СҚМУ,МО-15)

Бүгінгі таңда мемлекетіміздегі білім беру жүйелері мен білім жаһандану заманына лайық әлемдік жаңаруларға сәйкес икемді ойлауды қалыптастыру;
«Құндылық» дегеніміз- биологиялық теория өкілдерінің айтуынша, барлығы тұқымнан ата-бабаларымыздан беріледі. Қазіргі Қазақстандағы қоғам мен адамның жаңаруы бүгінгі күні біздің мемлекетіміз бен білім жүйесінің жалпы идеясы болып табылады.
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өз халқына Жолдауында: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды. Бүгін мен жариялаған Жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді».

Мектепке дейінгі жас – әрбір адамның өміріндегі ең жарқын қайталанбайтын шақ, жеке тұлғаның алғашқы қалыптасу кезеңі, баланың өзіндік тануы мен даралағының қалыптасу кезі. Әр баланың жеке басы – оның моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау – бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы.

Қазақ халық мәдениетімен мектепке дейінгі балаларды рухани тәрбиелей отырып , оларды жарқын болашаққа жетелеу , қазіргі ұстаздардың басты мақсаттарының бірі болып табылады . Мәселен, Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «әлеуметтік бес ұсынысында» жоғары білімге қолжетімділікті арттыру және оның сапасын көтеру қажетін айтты. "2018-2019 жылдары әр жылға қосымша 20 мың грант бөлуді ұсынамын. Колледждер мен университеттер 2022 жылға дейін жекеменшік-мемлекеттік серіктестік негізінде кемінде 25 мың орындық жатақхана салуы керек" деді. Демек, басекеге қабілетті жас ұрпақты мәдени мұрамызбен сусындата отырып , білімді жас ұрпақты тәрбиелеу .

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады.Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы

адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі – қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда «Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім жобасы эксперимент ретінде жүргізіліп келеді.

Халық педагогикасы – нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті – халық педагогикасында деуге болады. Ұлттық асыл қасиеттерді жас ұрпақтың ақыл парасатта азық ете білуде

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» халыққа Жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн». Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

– Жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

– Ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу; «Әр бала – жарық жұлдыз» деген ұстанымды бетке алған ұстаздар қауымының, әр баланы ұлттық тәрбие негізінде тұлға ретінде қалыптастырып, дамытуға бағытталған жұмыстарын атап өтуге болады.

Иә, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Жоғарыда аталған қағидаларды ұстана отырып, Қазақстанда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибелерді, сан ғасырлық мәдени ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, қазіргі білім мазмұнын жаңғыртуда, жаңа талаптар қоя отырып ұлттық рухта болашақ ұрпақты тәрбиелеу керек деп санаймыз.

Қазақ халқының кешкен тірлігі мен тұрмысы сонау көне ғасырдан бері жасасып келе жатқан бай ауыз әдебиетінде сақталған. Ұлттық құндылықтардың кең өрісті, келісті көрініс табуы – халықтың мақал-мәтелдерінде, шешендік сөздерінде, даналықтарында. Ұлттық құндылықтарды және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерді қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелеріне тоқталып өткеніміз жөн. Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Жалпы адамзаттық құндылық қасиеттер ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениеттің дамуындағы қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халық мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттың) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан.

Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттых рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Сонымен, халықтық мәдени мұра негізінде, бүлдіршіндерді күнделікті

бес сала бойынша өтілетін оқу қызметтеріне кіріктірілген салт-дәстүрлерімізбен таныстырып отырамыз.

Мысалға алсақ, «Коммуникация» саласында көркем әдебиетке келер болсақ, мұнда халық ауыз әдебиеттерінен үзінділер оқып береміз. Мақал –мәтелдер, жаңылтпаштар, ертегілер айтылады. Балалардың тіл дамытудағы сөздік қорларын кеңейту мақсатында халық ертегілерін драмалық сахналауға үйретеміз. «Шығармашылық» саласында музыкадан бүлдіршіндерге халық әндерін орындауды ұсынамыз. Қазақ халық күйлерін тыңдауды ұнатады. Қазақ халық ұлттық билерін билеуге ұлдар мен қыздар машықтанған. Жапсыру оқу қызметі бойынша аппликациялық түрлі қағаздардан ұлттық ою-өрнектер ойып, қайшымен қырқып, желімдейді. Дәнді дақылдарды жабыстыру, яғни балалардың қол, саусақтарының қимыл-әрекеттерін дамыту болып табылады. Ермексазбен түрлі-түсті қазақи нақыштарды мүсіндеуді ұсынамыз. Түрлі үлгілерге қарап қызығушылық танытады.

Сонымен қорытындай келе, осындай халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды мектепке дейінгі балалардың, бүлдіршіндеріміздің санасына тереңдей сіңіруге тәрбиелеу басты мақсатымыз болып табылады. Осы тұрғыда балабақшаларда мәдени халықтық мұра негізінде, бүлдіршіндерге рухани-адамгершілік тәлім-тәрбие беру – парызымыз. Патриоттық сезімді, қалыптастыруға, ұлттық мәдени мұрасын дәріптеуге атсалысайық дер едім!

Әдебиет:

1. Ғаламтор парақшалары.
2. «Отбасы және балабақша» журналы.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» журналы.

ӘОЖ 37.035.6

МӘҢГІЛІК ЕЛ КОНТЕКСТІНДЕГІ СТУДЕНТ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

Сапарова Л.Е.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

«Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті...» [1].
Н.Ә.Назарбаев

Бүгінгі Қазақстанның басты мақсаты - экономикасы дамыған, бәсекелестікке қабілетті, ең дамыған 30 елдің қатарынан көріну. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы осы мақсатқа жеткізетін Ұлы бастама. Мәңгілік ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткеніміздің сабақ ала отырып, ірі державалар арасындағы бәсекеге төтеп бере алатын, жаһандану кезіндегі өзіндік қорғаныс саясаты бар, болашағымызды баянды ету жолындағы ортақ мұратымыз.

Бүгінгі күн, ертеңгі келешек, бұл екі кезеңнің арасында ел үміт артқан жастарымыз өз жауапкершілігін арқалап болашақтың іргесін бірге қаламақ. Іргетасымыздың нық та, мығым болуы үшін біз жастар бәсекеге қабілетті, интеллектісі жоғары, кәсіби икемділігі бар, шығармашылыққа талпынысы зор, әр түрлі жағдайдағы мәселелерді анықтай алатын, оның жауапты шешімін табу және қолайсыз жағдайларға дұрыс әрекет ете алатын белсенді жастар екенімізді көрсету. Еліміздің ертеңі мен қоғамымыздың тұрақтылығына және оның қауіпсіздігінің негізі бола алатынымызды дәлелдеу. Мұндағы біздің бірегей мақсат қазіргі жағдайда қоғамның білім деңгейі мен интеллектуалдық әлеуеті көтеріп ұлттық кодтықұлдыратып алмай құрай алатын және оны сақтап қала алатын қоғамды қалыптастыру.

Бұл кезекте елбасымыз жыл сайынғы халыққа жолдауында, кез келген ұлттық мүддедегі идеялар мен жобаларда, жаңа бастамаларда, жаңартылған бағдарламаларда болсынбілім беру жүйесіне міндетті түрде тоқталады. Бұл да біздің Мәңгілік ел жолындағы дамушы ел екендігіміздің бір көрінісі. 2017 жылғы 1 тамыздағы статистика бағамы бойынша Республикамызда 180 мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғарғы оқу орындары жұмыс істейді [2]. Бакалаврлық, магистранттық, аспирантура және доктарантура секілді нағыз бәсеклестікке қабілетті білімді маман тәрбиелеу жолында 80 жылдан асқан тарихы бар М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстанмемлекеттік университетін атап өтпеске болмайды. Университетте елімізге танымал ғалымдар мен докторлар және оқытушылар жұмыс жасап, еңбегін сіңірсе, елге әйгілі білімді мамандар және өз кәсібінің хас шеберлері мен ел байрағын әлем аренасында көтерген спортшылар бітіріп шыққан. Бакалаврлық білім алуға өтініш беретін және гранттармен түсетін студенттердің қарасы бүгінде жыл санап артып келеді. 2014 жылы 17- қаңтарда «Мәңгілік ел» идеясы жария көріп, осы жылдың ішінде Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне білім алушы жастардың жаңа легі келген болатын. Мәңгілік ел жастары – индустрияға «Серпін-2050» жобасы өз жұмысын бастап кетті. Бұл жобаның басты мақсаты қазіргі таңда Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы адам санының тығыздығы, көшіп келушілердің өсуі,еңбек күшінің артып, кадрлық сұраныстың азаюысебеп болды. Бұл – нарық экономикасының заңдылығы. Керісінше, еліміздің солтүстік және батыс пен шығыс өңірлерінде кадр тапшылығы өте өзекті болып тұр. Бүгінгі таңда бұндай мәселе 7-8 облыста туындауда. Басты себебі – бала туу денгейінің төмендігі және сыртқа көшіп кету миграциясының болуы [3]. Осы өңірлердегі өндіріс орындары еңбек күші жетіспеушілігінің әсерінен өз әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік ала алмай отыр. Сәйкесінше 2014 жылдың басында ғана Мәңгілік ел идеясы жарық көрген сәттен ақ, осы жоба аясында үш айдың ішінде Мұрат Абдуламитұлы Әбенов Серпін жобасының негізін қалады, алғашқы үлестірушісі және төрағасы болды. (Естеріңізге сала кетсем Серпін жобасының бүгінгі таңдағы төрайымы Тобатаева Күлзия Қадірқызы) [4].

2014 жылы 19 педагогикалық мамандықтар бойынша 7 ЖОО үшін арнайы 1050 грант бөлінді. Студенттер өз оқуларын жаңа орта, жаңартылған технологиялармен бастап, білім сапасына жоғары үлес қосуға білек сыбана кірісті. Жыл ішінде жаңа жобалар, байқаулар, ән мен би, тілдік және әдебиеттік, спорттық және ұлттық ойындар, таланттылар мен жүзден жүйріктер конкурсына қатысып, түрлі жеңіс нәтижелерін көрсетіп, жігерлілікті жоғалтпай жүлделі орындарды қолдан жібермей, белсене қатысып көптеген номинацияларды иеленді. Алғашқы жылдың ішінде(ақ) Серпіндік жастарға арнап колледждер мен жоғары оқу орындарының ортақ сайысы «Аламан» фестивалі өз жұмысын бастады.

Фестиваль аясында ұлттық, спорттық, тілдік, дарынды жас ақындардың мүшәйралық шығармашылығы, ән және би, поэзиялық өлеңдерді оқу секілді сайыстар өтті. Аймақтардан жеңген жеңімпаздар «Аламан» республикалық фестиваліне жолдама алып, елордамыз Астанада бақ сынады.Оқу ордамыздың студент жастары өнерден ғана өрбіп жүрген жоқ, сонымен қатар білім мен ғылым саласындағы жаңа ғылыми зерттеулер жазып, ғылыми конференция мен жобалық сайыстарды өз еңбектерін қорғап жүр. Тілге тиек етпеске болмайды, айта кеткен жөн, осы жылы біздің педагогикалық факультетімізде дефектология мамандығының студенті «Ақыл- есі кем балалардағы педогогикалық процесс» деп аталатын ғылыми мақаласын өз жетекшісімен бірге бітірсе, мектепке дейінгі білім беру мамандығының да студенті «Мектеп жасына дейінгі тіл мүкістігі бар балаларды тәрбиелеу» атты ғылымижобасын сәтті қорғап шыққан болатын.Бұдан өзге жыл сайын «Серпін 2050»жобасы аясында Республикалық көшбасшылар лагері ұйымдастырылып, ЖООның сардарлар мен нағыз белсенділері бас қосатын құрылтайы өтеді. Құрылтай барысында Серпіннің серпімді жастары болашаққа жаңа жоспары мен қандай жаңа жобалы үлес қосатынын талқылап, семинарлар мен тренингтерге қатысып рух алады.Екі құрылтайлық кезенің арасындағы жақсы жаңалықтар мен жоғары жеңістерге жеткені жайында есеп беріп қорытындылайды. Менде университетіміздің демеуімен Көкшетау қаласындағы, Бурабай

демалыс орынында екінші рет өткізілген сардарбегілер мен белсенділер құрылтайына«Жастар ортасындағы көшбасшылық. Тиімді коммуникациялық қарым – қатынастары» тақырыбындағы семинарға қатыстым [5].

Бәрін айт та, бірін айт, жыл сайынғы осы іспетті шаралар дәстүрлі түрде жүргізіліп, студенттердің білім және өмір сапасын арттыруда университет қажырлы еңбек көрсетті. Менде Мәңгілік ел жастары – индустрияға «Серпін-2050» жобасының грантты иегерімін. Білім алушы болып жүргеніме де 3 жыл болды.Бүгінде араға төрт жыл салып «Серпін-2050» жобасының алғашқы маман иелері осы университетті бітіргелі тұр. Сіздерден күтеріміз көп. Алғашқы серпімді Серпін көші сіздерсіздер. Алдағы мақсат – жобаны ұйымдастырудағы үмітті ақтап, елдің ертеңіне үлес қосу. Елбасы жариялаған рухани жаңғыру, оның ішінде ұлттық кодты қалыптастыру үшінболашақ ұрпақты тәрбиелеуде жетекші мемлекетке айналуымыз біздің болашақтағы білім жолындағы мәреміз. Мұндағы айтар ой сізбен біз жастар елдің ертеңіне жауапты жандармыз, ұлттық кодты әуелі өзіміздің салт пен санамызға, дін мен ділімізге, күнделікті өмір аямызға дағдыландырсақ қана ұлағатты ұлтымыздың үмітін ақтар азаматы бола аламыз. Оқуларыңызға сәттілік, ақыл мен парасат иесі және қырағы көзді, жүйрік ойлы болуларыңызды тілеймін.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы./ 2018жылғы /10 қаңтар. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018
2. "Мәңгілік ел жастары – индустрияға" «Серпін – 2050» бағдарламасы. http://syrboyi.kz/akparat/3403-serpn-2050-badarlamasy-boyynsha-2050-boyynsha-arnayy-grant.html
3. 2017 жылғы 1 тамыздағы ЖОО саны бойынша статистика. https://webcache.googleusercontent.com/search
4. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәңгілік ел идеясы» халыққа үндеу баяндамасы.
5. Н. Назарбаев «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын әзірлеу және қабылдау жұмысы. https://strategy2050.kz/news/5146

ӘОЖ 376.3

ДИСЛАЛИЯ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ОЙЫН МЕН ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Сәрсенбай Б.И.,

(*ДФ-16 қ тобының студенті, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қаласы)*

Карманова М.М.

(Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қаласы)

Адамның даму,жетілу процестері бала кезден – ақ қалыптасады. Бүлдіршін жастан бастап,яғни мектепке дейінгі жас деп аталатын шақта бала өзінің болашақ тұлға,өз өмір сүріп жатырған елінің болашақ азаматы ретінде негізін қалайды. Бала сөйлеуді үйренеді және артынша осы үйренген іс әрекеті арқылы айналадағы дүниені тану мүмкіндігіне ие болады. Көргенін, білгенін айналасындағы жандарға сөз арқылы жеткізіп және тілдесе алады. Осы кішкентай іс әрекетінің өзіне білім дағдысы толастап, күнделікті өмірден алған әсерін молайта түседі. Тіл – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы барысында ақыл – ойын,адамгершілігін,тәрбиелік сезімін жетілдіру міндеттерін жүзеге асырудың ең басты құралы болып саналады [3].

Баланың тілін дамыту барысында,қалыптастыру әрекеттерінде ойынның алар орны, маңызы ерекше. Ойын арқылы баланың тілін дамыту жеңіл болып табылады. Ойын баланың

оқуға деген және қоршаған ортаға деген қызығушылығы мен ынтасын арттыратын әдіс. Бүгіндесюжеттік, спорттық, шығармашылық ойындарды пайдалану маңызды. Ойындар баланың дұрыс, анық сөйлеуіне мүмкіндік береді. Балалардың тілін дамыту үшін ойын түрлері мен сөйлесу дағдыларын дұрыс қолдану керек. Ойын дегенді жалпы қалай түсінеміз?Ойын қоғамдық тәжірибені қалыптастыру мен дамыту барысындағы іс әрекеттің бір түрі,яғни тәртіпті және өзін өзі басқаруды жетілдіреді. Ойын арқылы бала бойына адамгершілік қасиеттер мен қоршаған ортаға деген құштарлықты қалыптастыру мен дамыту мүмкіндігін алады. Қазақ халқы ойынды балаға тәрбие берер бірден бір құрал деп тапқан. Ойын дегеніміз – баланың тілін дамытып,қызықтырып қана қоймай, қиялға қанат бітіріп, ойды алысқа жетелейтін нәзік құбылыс. Демек, ойын арқылы баланың ақыл – ойы, сөздік қоры молайа түседі. Ойынның тілді дамытудағы әсері ерекше. Мысалға,рөлдік ойындарда барлық балаларға бірдей рөл үлестіріледі де олар бір – бірімен сөйлесу мен тілдесу іс – әрекетіне сүйене отырып, қарым- қатынасқа түседі. Балалар бұл сәтте белсене жұмыс істей отырып, бір – біріне көмектесіп,жасап жатқан тапсырмаларын тиянақтап,өздерін ғана емес өзге оқушыларды да бақылайды,тәрбиешінің бұл уақыттағы негізгі міндеті бағыттаушылық қана. Балалар рөл берілген сәттен – ақ өздерін еркін,яғни ешкімнің ықпалынсыз отырғанын сезінсе, ары қарай ойындық рөлді қызыға ойнайтын болады[6].

Дислалиялық кемістігі бар балаларға да тілінің дамуына ойын мен жаттығулардың өзіндік әсері бар. ***Дислалия*** дегеніміз бұл есту қабілетінде дыбыс шығаратын ақаулық және сөйлеу аппаратының иннервациясы толық сақталмауы. Бұл патологиялық ақаулықтар мектеп жасына дейінгі балаларда немесе кіші мектеп оқушыларында кездеседі және ауызша сөйлеуде белгілі бір дыбыстардың жоқтығы, бұрмалануы, ауыстыру немесе ауыстыруымен көрінеді[1].

Дыбыстық өндірістің әртүрлі бұзылыстарының ішінде оның дыбыстық дизайнын сайлау кемшіліктері жиі кездеседі, ал басқа сөздері қалыпты күйінде қалып отыр. «Дыбыс шығармашылығы» ұғымы ауызша сөйлеу және сөйлеу моторикасының фонетикалық тұжырымдамасын қамтиды. Балалардағы дисплазия орталық жүйке жүйесінің немесе есту аппараттарының органикалық патологиясымен байланысты емес ең жиі кездесетін логопедиялық ақаулардың бірі екенін атап өткен жөн.

Драматизациялық деп аталатын ойын түрі бар. Бұл ойындар балаларға сөздер мен сөйлемдерді дұрыс айтуға және интонацияны дұрыс пайдалануға, мәнерлер оқуды меңгерте отырып дамыта түсуге көмектеседі. Бұл ойынның еретегілер мен әдеби шығармаларынан тұратындықтан, басқа тілді дамытуға арналған ойындар түрінен ерекше және күрделі. Ал егер бала бірінші рөлдік ойынды қолданса, бұл ойын түрі ешқандай қиындық туғызбайды. Мысалы, бұл драматизация деп аталатын ойынның түрін екі бағытта алуға болады:

3. Еш өзгеріссіз, түпнұсқада ойнап шығу
4. Өзгерістер енгізіп, сахнаға алып шығу

Бұл ойынның нақты тілдің мына түріне әсері бар деп аталатын мақсаттары бар:

1.Біздің төл дыбыстарымыз,яғни тек қазақ тілінде ғана қолданылатын дыбыстарды дұрыс дыбыстауға септігі мол. Және осы тіл арқылы қарым – қатынасқа түсу іс – әрекеттерін жүргізуге болады[2].

2.Естіген әңгімесін және болған оқиғасы туралы айту және оны өз іс –қимылымен көрсете алу.

Балалар сахнада шағын рөлдерде ойнай отырып,үлкендермен және өз қатарлы балалармен тіл табысып,сөйлеуді үйренеді. Ата – аналар мен тәрбиешілер әрқашан баланың тілін дамыту жұмыстарын жасаған кезде ойынның әсері мол екені есте сақтағаны дұрыс.

Сөйлесу,әңгімелесу әрекеті – белсенді және мақсаты бар үрдіс. Бұл іс – әрекетті толық орындап, жүзеге асыру үшін бала жанында серіктестің болуы қажет. Сол кезде ғана біріншісі сұрақ қойса, одан кейінгісі жауап беру мүмкіндігіне ие бола алады. Осы іс – әрекет арқылы балаларда диалогтық қарым – қатынас дами бастайды.

Бүгінгі техника дамыған заманда ата–аналарбалаларының мүмкіншілігінің көп екенінбілгені жөн. Теледидар арқылы берілген, көрсетілген ертегі мен ойындар балалардың тілдік дамуына әсерін тигізетіні сөзсіз.

Енді тілдің дамуына көмектесетін жаңа ойындарға кезек берейін:

Дем алу мен дем шығаруға арналған ойындар

Біз барлық сөзді дем арқылы шығарып,дыбыстаймыз және осы іс – әрекеттің арқасында дем алу жүйесі жаттығады. Ең қарапайым жаттығу түрі –үрлеу іс-әрекетіне сай жаттығулар: ысқырықпен ысқыру,сабынды көпіршіктер мен шарларды үрлеу.

«Жел» ойын түрі

Бір уыс мақта немесе қағазды үстел үстіне қоясыз. Ал сіздің бұл ойындағы міндетіңіз оларды алысырақ үрлеу. Кім алыс үрлесе, сол жеңімпаз атанады.

«Ату» ойын түрі

Бала «оқты» ерінмен қысады. Бұл жердегі оқ деп отырған заттың орнына ауа өткізбейтіндей қылып шарап немесе шампань секілді құтының тығынын пайдалану керек. Сосын іштен ауа шығару,яғни үрлеу арқылы тығынды атамыз. Және бұл ойында да қойылатын талап алысқа ату.

Артикуляцияны дамытуға арналған ойындар

Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға және анық айтуға арналған артикуляциялық қажетті жаттығулар бар. Бұл ойын процесінде бет бұлшықеттері және бас миының сөйлеу аймағы қатысады. Бұл аймақ «тілдік дыбыстау органы» деп аталады,және бұған тіл мен ерін де қосымша қызмет атқарып көмектесе алады. Бала нашар сөйлегенде, оның дыбыстарды дұрыс айту үшіната-анасы артикуляциялық ойындар мен жаттығуларды орындатуға көмек береді. Баланы бұл жаттығуларды жасарда қинауға болмайды. Балаға ойын қызықты көрініп, ойынның негізгі формасы сақталса, тапсырма оң нәтижесін береді. Бірінші сабақта 2 – 3 тапсырмадан артық беруге болмайды. Келесі жаттығуға өту үшін оның алдында өтілген жаттығуларды қайталау керек. Сосын бір айта кететін жәйт, барлық жаттығулар айна алдында отырып, еш қиындықсыз, шынайы орындалуы керек. Енді жаттығулар түрлері жайлы айтайын[4]:

«Қорған құру» жаттығуы

Тістердің астыңғы және үстінгі тістерді еш қиындықсыз көрсете отырып күлімдеу. Осы қалыпта 1 – ден 5 – 10 минутқа дейін тұрса жаттығу толық орындалды десек болады.

«Дөңгелектер жасау» жаттығуы

Ерінді «у» әрпіне ұқсатып алдыға дөңгелектетіп шығару қажет. Ал егер бала ернін дөңгелек қылып жасай алмаса, оның ернінен 1,5-2 см дей қашықтықта конфет қою керек. Сосын бала ол конфетке ернін созып, дөңгелектетіп оны алады.

«Тәтті тосап» ойыны

Тілдің жуан ұшымен еріннің жоғарғысында тұрған тосапты не оңға емес не солға емес тек үстінен жоғарыға қарай ғана жалау. Және бұл процесті орындағанда астыңғы ерін көмектеспеу керек.

«Ирелең» ойыны

Ауызды ашыңқырап жымию. Тілдің кең артқы жағын тіске қарай көтеру. Дәл солай 1 – 5 – ке санағанша ұстау. Бұл жаттығуда тіліңді кері артқа бұрғанда тілдің астын көргенде оны үстіңгі тіске көтеру керек.

«Тербету» жаттығуы

Мұнда тілді астыңғы тіске 1 – 4 – ке санағанша дейін ұстау сосын тілдің ұшын жоғары тіске дал солай ұстау. Бұл іс – әрекетті 4 – 6 рет қайталған дұрыс.

«Таңдай қақ»жаттығуы

Ашыңқырап тұрған ауызда тек тілдің көмегімен ғана таңдайды қағады жәймен сосын артынша жылдамырақ. Бірақ бұл іс – әрекет орындалып жатқанда астыңғы жақтың қозғалмауын қадағалау керек.

«Барабан» жаттығуы

Ауызды ашыңқырап отырып жымию қажет.Сосын тілдің ұшымен үстіңгі тістерді д – д – д дыбысымен алдымен асықпай сосын тезірек ұру керек. Ауыздың ашық болуын, еріннің жымиюын және астыңғы жақтың қозғалмауын қадағалау керек.

«Күрекше» жаттығуы

Ауызды ашыңқырап отырып жымию. Тілді кең көлемді астыңғы еріннің үстіне шығару. Дәл сол қалыпта 1 – 5 санағанша тұру керек.

«Мысық созылысы» жаттығуы

Ауызды ашыңқырап жымию. Тілдің ұшын астыңғы тіске тигізе отырып, тілді мысық керілгендей қылып майыстыру керек[5].

Тілді дамытуға арналған жаттығулар мен ойындарды саусақ арқылы орындау

Саусақ ойындарын байланыстыра отырып ұсақ мотериканы дамыту жұмыстарын жүргізу өте маңызды. Бұл іс- әрекет арқылы баланың бас миының жұмыс жасауын белсендіруге болады және баланың қолмен қағаз жазуы мен тілдің дамуын да арттырып, дамытуға болады.

Балалар 5 жастан бастап өзіне нақты тапсырылған тапсырмалар мен қол арқылы жасалатын іс-әрекеттерді орындауды үйренеді.

Барлық қолмен жасалатын жаттығулар алғашында өте баяу темппен басталғаны дұрыс сосын артынша жұмыс жасап тұрған қолдарды ауыстыру керек. Артынша жаттығуды дұрыс орындап отыру керек. Осы іс – әрекетті бірнеше минутқа созған жөн және күніне 2-3 рет орындаса, жаттығу толық орындалды десек болады.

Бұл зерттеу жұмыс дислалия ауытқуы бар балаларға ойын мен жаттығуды орындату. Түзету мектептерінде білім алатын оқушыларға арналған.

Мінекей,жоғарыда айтылған барлық жаттығулар мен ойындар баланың тілінің дамуына үлкен тигізер әсері мол. Жалпы қазіргі заманда тілді дамытуға арналған жаттығулардың қазақ тіліндегі басылымдары мен жинақтары жоқтың қасы.Сондықтан мұнда жазылған жаттығулардың ішінде өзіміздің қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға және анық шығаруға көмектесетіне сөзсіз. Бұл жаттығулардың барлығын баланың өзі орындалмайтыны анық,сондықтан ата-ана мен тәрбиешінің тәрбиеленушіге берер көмегі мол. Бұл көмекшілердің арқасында бала берілген тапсырмалар мен жаттығуларды мүлтіксіз орындап шығад алады. Және де әріптер мен дыбыстарды анық айтудан бөлек балалардың баяу немесе жылдам сөйлеуіне де көмектесетін жаттығулар бар. Көбінесе оларға қазақ тіліндегі жаңылтпаш тақпақтар көмектесе алады. Ал бұл жаттығулар баланың тез,жылдам сөйлегенде сөзінен тұтығып қалмауын,ойын толық жеткізуін қамтамасыз етеді және кекештіктің алдын алады. Дәл сол сияқты тіл мен тіске арналған жаттығулар да балалар сөйлегенде дыбыстардың анық шығуын,яғни қандай да бір кедергінің болмауын қамтамасыз етеді. Бұл мәліметтерді оқығанда тек теория жағдайында оқып қана қоймай, осы жаттығуларды балаларға тәжірибе жүзінде орындатқаны жөн. Артынша оның қандай натиже беретінін бақылағаны дұрыс. Бұл ойындар мен жаттығулар балаға толық оң әсерін беріп, баланың тілінің дамуына көмектесетіні сөзсіз анық.

Әдебиет:

1. Bilimsite.kz сайты М.Қиятовна «Баланың тілін дамытудағы ойын»
2. Mama.rucайты Как развить речь ребенка с помощью игры ?
3. Ю.Б.Гиппемритер «Общаться с ребенком КАК ?»
4. Л.В.Соколова , Н.Г.Андреева Россия: Лань «365 секретов правильного развития» 2013
5. Олеся Жукова/Уникальная методика развивающих уроков/«Развитие речи малыша» 08.02.2013
6. Л.С.Выготский Баланың жас ерекшеліктері психологиясы және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. 1999

УДК 355.233.231

ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ КАК СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ ОБОРОННО-МАССОВОЙ И СПОРТИВНОЙ РАБОТЫ В ШКОЛЕ

Сотниченко Е.А., Буняшин И.В.
(СКГУ им. М. Козыбаева)

В важнейших законодательных актах, документах Правительства РК, принятых в последние годы, чётко и лаконично сформулированы основные задачи военно-патриотического воспитания молодёжи, в совокупности своей характеризующие сущность, содержание процесса подготовки молодежи к защите Отечества, чувства гордости и уважения к Родине. Эти задачи, поставленные, в том числе и перед школой, весьма сложные и ответственные. Военно-патриотическое воспитание - многогранный процесс, и решать его надо всеми силами, средствами, комплексно. Ведь формирование нравственных качеств человека, важнейшим из которых является патриотизм, не может быть достигнуто лишь нравственным просвещением, словесными формами воспитательного воздействия. Вне высоконравственной, общественно-полезной деятельности школьников невозможно их гражданское становление, формирование патриотических чувств. Военно-патриотическое воспитание школьников будет нерезультативным, если его ограничить военно-патриотическим просвещением, рассказами, лекциями. Для усиленной подготовки именно к военной службе необходима непосредственная военно-патриотическая деятельность школьников, в процессе которой у них формируются правильные представления о требованиях к военной службе в рядах Вооруженных Сил и воинском долге.

Важно на примерах подвига и героизма воспитывать детей в школах. Пусть они примеряют к себе качества замечательных людей. В спартанских школах приучали молодых людей к всевозможным опасностям, чтобы развить чувство отваги и героизма. Пусть и в наших школах ученики готовятся к всевозможным трудностям и путям их преодоления.

В современном обществе темные силы активизировали психологическое воздействие против молодежи как общественной группы, обладающей недостаточным социальным и жизненным опытом. Они стремятся принизить в человеке все возвышенное, ограничить его мир материальными интересами, лишить его высоких духовно-нравственных идеалов. Важнейшей их целью является срыв процесса подготовки молодежи к защите Родины путем навязывания им страха армейской жизни, торможения их гражданского развития и героико-патриотического сознания, мужества и стойкости характера - основных качеств, определяющих личность и готовность юношей стать настоящими защитниками своего Отечества.

Военно-патриотическое воспитание - это прежде всесторонняя идейная, морально-психологическая, общеобразовательная, физическая и практическая подготовка учащихся к защите своей Родины. Эта подготовка осуществляется по следующим основным направлениям:

- широкая пропаганда среди учащихся выдающихся побед нашей страны над врагами, боевых и трудовых традиций нашего народа;
- раскрытие героизма и самоотверженности народа, Вооруженных Сил в защите Родины от ее врагов, воспитание у молодежи чувства гордости за подвиги старшего поколения и стремления подражать ему;
- воспитание у молодежи высокой бдительности и постоянной готовности к защите Родины, разъяснение особенностей современной войны и задач по подготовке к вооруженной защите Отечества;
- моральная, психологическая и физическая подготовка учащихся к защите Родины, привитие высоких моральных и боевых качеств, необходимых для достижения победы в современной войне;
- овладение начальными военными и военно-техническими знаниями и навыками.

Ведущая роль в военно-патриотическом воспитании принадлежит учебному процессу. Система обучения вооружает школьников знаниями законов общественного развития, закладывает прочный фундамент глубокой и сознательной любви к своей Родине. Уже в младших классах учащиеся осмысливают такие понятия как Родина, подвиг, патриот, воин-освободитель и др., узнают о победах нашего народа, учатся любить родную природу. Большое значение имеют предметы гуманитарного цикла в морально-политической и психологической подготовке будущих защитников Родины. Овладение историческими знаниями неразрывно связано с дальнейшим развитием и укреплением патриотических чувств. На уроках литературы на примерах положительных героев художественных произведений формируются нравственные идеалы молодежи, устанавливается живая связь прошлого с современностью, воспитывается чувство гордости за нашу Родину и народ. На занятиях по ОБЖ юноши старших классов знакомятся со спецификой военной службы, готовятся к несению действительной службы в рядах Вооруженных Сил, к защите своей Родины.

Очень важно, чтобы военно-патриотическое воспитание школьников происходило не только в учебном процессе, но и продолжалось в разнообразных формах внеклассной работы. Это позволит направить инициативу учеников, поможет увязать полученные ими теоретические знания с практикой и создаст предпосылки для успешного овладения юношами воинскими специальностями в будущем.

Заблуждаются те, кто относится к военно-патриотическому воспитанию как к определенной кампании или усматривают в нем элементы милитаризации школы, якобы не согласующиеся с нашей борьбой за мирное сосуществование.

В процессе воспитания необходимо направить все усилия на то, чтобы каждый учащийся понимал, что безопасность Родины обеспечивается не только укреплением нашей военной организации, но и их личным участием в подготовке к защите Родины. Поколение, которому предстоит пополнить ряды защитников Родины, должно чувствовать ответственность за судьбу своего Отечества.

Как показывает опыт, успех военно-патриотического воспитания, прежде всего, зависит от высокого идейного смысла и общественно-полезной направленности проводимых мероприятий.

Значение, имеет также, правильный отбор наиболее эффективных форм и методов военно-патриотической работы во внеурочное время. При этом отборе необходимо учитывать интересы детского коллектива, квалификацию руководителей, состояние материальной базы.

Актуальность темы. Республика Казахстан сегодня обладает реальной возможностью самоопределения и выбора форм правления экономической, политической и духовной жизни. Решение ряда проблем в жизни страны во многом зависит от уровня развития гражданского общества, формирования высокого патриотического сознания, чувства гордости за свою страну, воспитания готовности к выполнению гражданского долга по защите интересов Родины.

Назрела необходимость в переосмыслении концептуальных подходов к воспитанию подрастающего поколения и поиска новых форм и методов воспитательной деятельности высших учебных заведений республики. В этой связи предметам гуманитарного цикла в формировании патриотизма молодежи в условиях вузовской подготовки принадлежит особая роль. Знание истории своей страны, уважение своей культуры – это тот фундамент, на котором держится чувство национального достоинства. Без такого фактора, как национальная идентичность и национальное самоуважение, невозможно эффективное развитие общества.

Эта потребность общества совпадает с приоритетной задачей обучения начальной военной подготовке в школе.

Анализ по теме исследования показал, что проблема оборонно-массовой и спортивной работы среди молодежи в последние годы вновь становится актуальной. Вопросам оборонно-массовой и спортивной работы в условиях общеобразовательной школы в различных ее аспектах уделяется немало внимания. Выделяются различные направления в поисках путей повышения качества подготовки педагогических кадров, прежде всего это работы Н.Д.Хмель, А.Б.Абибуллаевой, М.С.Молдабековой, Ш.Таубаевой, Л.А.Шкутиной, З.А.Исаевой, С.А.Жолдасбековой.

Сегодня в работе современной школы одной из главных задач является воспитание подрастающего поколения. Важнейшая составляющая процесса воспитания – формирование методов проведения оборонно-массовой и спортивной работы. Без наличия этого компонента нельзя говорить о воспитании по-настоящему гармоничной личности.

9 Зарипов Р.Г., Свиреденко Б.Ф., Зернова Е.С. и др. Редкие и малочисленные растения СКО. – Петропавловск: 1994. – 165 с.

УДК 581.5

СҚМУ КЕППЕШӨП ҚОРЫНДАҒЫ *POTAMOGETONACEAE* ЖӘНЕ *RUBIACEAE* ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ ЖҮЙЕЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Қошекбаева І., Пернебек Қ.
(М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті)


Шылаңдар (*Potamogetonaceae)* тұқымдасы – туыстық және түрлік құрамы бойынша Солтүстік Қазақстан обылысының флорасында айтарлықтай көп түрлілігімен ерекшеленбейді. Себебі, бұл тұқымдасқа жататын түрлер мен туыстардың Солтүстік Қазақстан обылысында кездесетін бірнеше түрі ғана белгілі. Жалпы биология кафедрасының Кеппешөп құрамын зерттеу барысында осы тұқымдасқа жатқызылатын 1 туыстың шылаң (*Potamogeton)* 29 кеппешөп даналары өңделді.

Тұқымдас бойынша кафедра кеппешөбіне флоралық анализ жасап тұқымдас құрамына кіретін негізгі 3 түрі анықталды.

Олар:

1. Қазоты шылаң (Рдест гребенчатый) – *Potamogeton pectinatus L.*
2. Жылтыр шылаң (Рдест блестящий) – *Potamogeton lucens L.*
3. Орама жапырақ шылаң (Рдест пронзеннолистный) – *Potamogeton perfoliatus L.*

1960-2018 жылдар аралығында шылаңдар (*Potamogetonaceae*) тұқымдасының кафедра кеппешөп қорында кездесетін түрлері: қазоты шылаңы (*Potamogeton pectinatus L.*) -18 дана, жылтыр шылаң (*Potamogeton lucens L.)* - 4 дана, орама жапырақ шылаң (*Potamogeton perfoliatus L.)* - 7 дана (1 сурет).



1 сурет Шылаңдар (*Potamogetonaceae*) тұқымдасының кеппешөп даналары.

Қазоты шылаңы (*Potamogeton pectinatus L.*) – бір-бірінен гүлдермен бөлінген масақтарында, әдетте күлтебасында 5 гүлден болады. Гүлшоқтары жіп тәрізді, ұзындығы 5-10 см. Барлық жапырақтары су астында қалған, өте жіңішке (жалпақтығы шамамен 1 мм). Жапырақ тақтасы сабаққа оралған ұзын қынаптан шығады. Сабағы дөңгелектелген жалпақ, жоғарыдан немесе негізінен тармақталған. Тамыры ұзын, қатты тармақталған. Ұзындығы 50-300 см. Сабағынан бөлінген бөлінділер арқылы көбейе алады.

Тамырлары түйнектерімен бірге шошқалар мен үйректерге жем ретінде бола алады. Дәндері балықтар мен үйректерге азық болады.

Жапырақтары аскөктің дәміне ұқсайды. Солтүстік Америкада балық және аңшылық өнеркәсібінде өсіріледі.

Жылтыр шылаң (*Potamogeton lucens L.)* – гүлшоқтары сабағынан жуан болып келеді. Жапырақтары сағақты, көп бөлігі су астында қалған, үлкен, ашық жасыл. Ұзындығы 60-300 см. Жапырақтары қалың қыртыспен жиі жабылған, кеуіп кету кезінде түсіп қалады.

Орама жапырақ шылаң (*Potamogeton perfoliatus L.)* – гүлшоқтары сабағынан жуан болмайды. Барлық жапырақтары су астында қалады, сабағы орам, отырмалы, кезектескен, дөңгелек немесе жұмыртқа тәрізді сопақ болып келеді. Ұзындығы 30-90 см. Судың ең терең аймағында өседі, өсу тереңдігі шамамен 4-5 м болады.

Рияндар *(Rubiaceae)* тұқымдасы туыстық және түрлік құрамы бойынша Солтүстік Қазақстан облысының флорасындағы тұқымдастардың бірі болып табылады.

Зерттеу кезінде СҚМУ-дың Жалпы биология кафедрасының Кеппешөп Қорының 292 кеппешөп даналары өңделді. Кафедра кеппешөбінің талдауы бойынша, тұқымдастың құрамына 4 түрмен сипатталған Қызылбояу туысы *(Galium L.)* және Риян *(Rubia L.)* туысынан 1 ғана түрі - Татар рияны *(R. Tatarica)* кіреді.

Рияндар тұқымдасының құрамына кіретін жетекші туысына Қызылбояу (*Galium*) келесі түрлер кіреді: нағыз қызылбояу *(Galium verum L.)*, суық қызылбояу *(Galium boreale L.),* саз қызылбояу *(Galium uliginosum L.),* ақ қызылбояу *(Galium albus L.).*

СҚМУ–дың жалпы биология кафедрасының кеппешөп қорына талдау жүргізілді. Рияндар тұқымдасының туыстық және түрлік құрамы 1 кестеде көрсетілген. 1 кестеде көріп отырғанымыздай, кафедра кеппешөптерінің ішінде рияндар тұқымдасының түрлік құрамы жағынан ең көп туысы Қызылбояу *(Galium L.)* болады, оның 4 түрі кездеседі (1 кесте).


1 кесте СҚО рияндар тұқымдасының туыс, түрлік құрамы

Туыс	Саны	Түрі
Қызылбояу *(GaliumL.)*	4	Суыққызылбояу - Galiumboreale L.
		Нағызқызылбояу - G. verum L.
		Сазқызылбояу - G. uliginosumL.
		Аққызылбояу - Galium albus L.
Риян*(RubiaL.)*	1	Татар рияны - R. tatarica

Республикамызда кең тараған Риян *(Rubia L.)* туысының 8 түрінің ішінен біздің облысымызда 2 түрі кездеседі. Бірақ, кафедра кеппешөп қорында тек бір түрі- Татар рияны *(R. tatarica)* бар. Біз 1958-2017жж. аралығында кафедра студенттерінің далалық тәжірибе барысында жинаған осы тұқымдастың кеппешөптеріне талдау жасап, санақ жүргіздік. Кафедра кеппешөптерінің қорында рияндар тұқымдасының *(Rubiaceae juss)*
292 кеппешөптері бар.

Олардың ішінде кеппешөп санына қарай ең көп түрлері келесідей: нағыз қызылбояу *(G. verum L.)* – 237 дана, солтүстік қызылбояу *(Galium boreale L.)* - 46 дана, саз қызылбояу *(G. uliginosum L.)* – 7 дана. Қызылбояу туысының *(Galium L.)* ішінде аз жиналған кеппешөп түрі келесідей: ақ қызылбояу *(Galium albus L.)* – 1 дана, және риян туысының *(Rubia L.)* 1 ғана түрі - татарлық риян *(R. tatarica)*. Осыған сәйкес, ең көп тараған кеппешөп үлгілері Қызылбояу туысы *(Galium L.)* болып табылады.

Қызылбояу туысы *(Galium L.)* - 291 дананы құрайды. 1958-1969жж. - 8 дана жиналған. 1970-1979жж. - 157 дана, 1980-1989жж. – 37 дана, 1990-1999жж. – 16 дана, 2000-2009жж. – 25 дана жиналса, 2010-2017жж. – 20 дана кеппешөп жиналған (1 сурет).



2 сурет Кеппешөп жиналымдарының жылдық динамикасы

Қызылбояу туысының ішінде кеппешөп саны ең көп түрі - нағыз қызылбояу *(G. verum L.)* – 237 дана. Бұл түрдің ең көп жиналған уақыты 1970-1979жж. аралығы, яғни 136 дана кеппешөптер жиналған, ал 1980-2017жж. аралығында кеппешөп даналары азая бастаған және бар жоғы 70 дана ғана жиналған.

СҚМУ Жалпы биология кафедрасының кеппешөп қорындағы Шылаңдар (*Potamogetonaceae)* және Рияндар *(Rubiaceae)* тұқымдастарының 321 кеппешөп даналары өңделді. Кеппешөп даналарының үлкен бөлігін Рияндар *(Rubiaceae)* тұқымдасы (292 дана) құрайды. Ал, Шылаңдар (*Potamogetonaceae)* тұқымдасы бар болғаны 29 дана кеппешөп үлгілерін құрайды.

Тұқымдас бойынша кафедра кеппешөбіне флоралық анализ жасап Шылаңдар (*Potamogetonaceae)* тұқымдасының құрамына кіретін 1 туысқа жататын 3 түрі анықталды. Сонымен қоса, Рияндар *(Rubiaceae)* тұқымдасының 4 түрмен сипатталған Қызылбояу туысы *(Galium L.)* және Риян *(Rubia L.)* туысынан 1 ғана түрі Татар рияны *(R. Tatarica)* анықталды.

Әдебиет:

1. Арыстанғалиев С. А., Рамазанов Е.Р. Қазақстан өсімдіктері. Растения Казахстана: ғылыми және халық атаулары - Алматы: Ғылым, 18. - 207 б.
2. Иллюстрированный определитель семейств и родов. - Алматы: Ғылым, 2001. Т.2.
3. Мұсақұлов Т. Орысша-қазақша түсіндірмелі биологиялық сөздік. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1959.Т1.
4. Флора Казахстана. Т. 2. Алма-Ата, 1965, 450 бет.

ӘОЖ 911.2

ҚАЗІРГІ ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Кубенов М.А., Жанибекова А.Б.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазіргі уақыттағы білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат-еліміздегі білім беруді халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ.

Орта мектепте географияны оқытудың өте маңызды мақсаты оқушылардың төмендегіше қалыптастыру және тәрбиелеу:

- Отанның ұлттық байлықтарын аялай қарауға, шаруашылықта жеткен жетістіктерге деген мақтаныш сезіміне, оның болашығына деген жауапкершілікке;
- Қазақстандық отансүйгіштікке, өзара көмектесуге деген құлшынысқа, Қазақстан мен дүние жүзі халықтар арасындағы достыққа;
- Халықаралық саяси-экономикалық өмірдегі деректер мен құбылыстарды дұрыс түсінуге және бағалай білуді;
- Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, әсіресе обьектілер мен құбылыстарды кешенді түрде қарастыру кезінде, өз ойларын картамен байланыстыра білуге;
- Табиғатқа және табиғат пен қоғамның өз ара қатынасына диалектикалық – материалистік көзқарасты қалыптастыруға;
- Қазіргі заманғы дүние жүзілік экономикалық дамуының негізгі бағыттарымен таныс болуға, Отанға деген сүйеспеншілікке, Қазақстан халқының жетістіктерін қорғауға, Жер бетіндегі халықтармен интернационалдық ынтымақтастық сезімде, белсенді өмірлік көзқарасқа;

Әдіс дегеніміз – мұғалімнің білім беру тәсіліне оқушылардың сол білімді меңгеру тәсілін айтады. Әдістер туралы өте көптеген әдіскерлер өз ойларын айтқан.Әдістер туралы өте көптеген әдіскерлер өз ойларын айтқан [1].

Көптеген ғалымдар бірігіп әдістерді жүйелеуі бойынша 5 әдісті ұсынады:

1. Түсіндіру-көрнекілік әдісі.
2. Үлгі әдісі.
3. Мазмұндамалық әдісі.
4. Ізденіс әдісі.
5. Зерттеу әдісі.

1. Түсіндіру – көрнекілік әдісінің бағыты - оқушылардың білімін меңгеруін ұйымдастыру. Мұғалім оқушыға дайын мәліметті қабылдатуы тиіс. Бұл үшін мұғалім нақты мәліметті, жалпы ұғымды алады, ол үшін картаны, суреттерді т.б. құрал жабдықтарды пайдаланады. Бұл үшін мұғалім нақты деректі терең меңгерген болуы тиіс.

2. Үлгі әдісінің бағыты - оқушыларға таныс және үлгі білімімен қаруландыру. Мұғалім бұл бағыт бойынша оқушыларға өздігінен жұмыс істеуді үйретеді, жалпы өткен тақырып бойынша тапсырмалар береді. Мысалға: табиғаттың жеке компоненттеріне мінездеме беру, территорияларға жалпы физикалық – географиялық мінездеме беру, жеке объектілер-ге экономикалық- географиялық (қала,өндірістер) мінездеме беру, экономикалық аудандар мен елдерге мінездеме беру, ауыл шаруашылығына мінездеме беру. Жеке бір территорияға, климатқа анықтама беру керек, ол үшін мынандай жоспар құрады: 1. Территорияның географиялық орналасуы. 2. Қаңтар мен шілденің орташа температурасы. 3. Маусым бойынша бұлттардың орналасуы 4. Жаз бен қыстың ұзақтығы 5. Климатқа әсер етуші факторлар.

3. Мазмұндамалық әдістің бағыты – оқушыларға шешілген проблемалардың үлгісін көрсету, ауыр жолдың шындығын көрсету. Мұғалім бұл әдісті қолданғанда алдымен өзі шешіп, анықтап алып сосын оқушыларға береді. Ғылыми білімнің үлгісін көрсетіп, ғылыми тұжырым жасатады және де айналаны қоршаған ортаны қорғау сұрақтарына жауап бергенде физикалық экономикалық білімдерін байланыстырып жауап береді. Мысалы: Ертіс өзеніне басқа өзендердің қалдықтары қосылатын болса, табиғатта қандай өзгерістер пайда болады, бұл проектінің қандай маңызы бар, осы сұрақтарға оқушы өзі ойланып жауап беруі үшін қосымша жер бетіндегі климаттың өзгеруі, мәңгі тоңның қалыптасуы жайлы түсінік беру керек.

4. Ізденіс әдісінің бағыты – оқушыларды біртіндеп шығармашылық еңбекке баулиды. Бұл үшін оқушылар белгісіз әдіспен шығармашылық тапсырмаларды, проблемаларды шешеді. Бұл әдісте мұғалім тапсырманы дайындап береді. Осыдан кейін тапсырманы бірнеше сұрақтармен беруге болады. Оқушылар берілген тапсырманы, сұрақтарды өз бетінше шешеді, бірақ мұғалім үнемі бағыт беріп отыруы керек. Мұғалім кейбір тақырыптар бойынша оқушылармен әңгіме, сұрақ – жауап ретінде әңгіме өткізуі тиіс, кей жағдайда мұғалім оқушыларға алдын ала тапсырманың жоспары мен жасалу жолдарын түсіндіруі керек.

5. Зерттеу әдісінің бағыты – бойынша оқушыларға өздігінен толық жұмыс істеуге мүмкіншілік беріледі. Практика жүзінде бұл әдіспен өлкетану бағыты жұмыс істеп келді.

Сабақта аздап түсінік беріледі де, қалған тапсырманы оқушылар әдебиеттерден іздестіреді (1-кесте) [2].

1-кесте Оқушылардың білім меңгеру деңгейі

Оқушылардың білім меңгеру деңгейі	Географияны оқытуда қолданылатын әдісі
1. Деңгей – оқушылар дайын материалды қабылдайды.	Түсіндіру – көрнекілік әдіс
2. Деңгей – оқушылар білімді үлгі бойынша таныс оқу	Үлгі әдісі
3. Деңгей – оқушылар шығармашылық білімді үйренуді жаңа оқулықтан қабылдайды	Ізденіс – зерттеу әдісі білімді үйренуді жаңа оқулықтан қабылдайды.

Әдістерді іске асыру – баяндау, көрнекілік, практикалық.

Мұғалімнің білім беру жолдары – сөз арқылы, көрсету, нұсқау, тапсырма беру арқылы.

Оқушының білім меңгеруі – тыңдау, бақылау жұмыс істеу арқылы.

Әдістерді іске асыру – баяндау, көрнекілік, практикалық.

Әңгіме әдісі – мұғалім мен оқушылардың белсенді қатысуымен болады. Әңгіменің нәтижесінде мұғалімнің басшылығымен оқушылар өз білгендеріне қорытынды жасайды. Әңгіме әдісінің негізгі элементі – мұғалімнің қойған сұрағы. Әңгіме әдісінің тиімді болуы мұғалімнің ізденушілігініне, дайындалуына байланысты. Әңгіме – айтылайын деп тұрған сабақтың мазмұнын оқушыға бұрынан азды көпті таныс болған жағдайда қолданылады, сонда ғана нәтиже береді. Әңгіме әдісін – қорыту, шолу, жаңа сабақты қорыту түсіндіру өткен сабақты мазмұнымен салыстыру кезінде қолданыламыз.

Әңгіме әдісінің негізгі талабы:

1. Мұғалім сұрақты қоя білуі керек (сұрақ өмірмен байланысты қысқа, түсінікті болғанда ғана нәтиже береді).
2. Сұрақ қою үшін мұғалім жан-жақты білімді болуы керек.
3. Оқушыларға алдымен жеңіл сұрақ беріліп, біттіндеп күрделеніледі.

Түсіндіру әдісі. Оқушының белсенді түрде тыңдау мен мұғалімнің жүйелі, түсінікті, жатық тілімен баяндауына негізделген. Бұл әдіс оқушыларға таныс тақырыпты өткенде қолданылады. Түсіндіргенде – бір сыдырғы оқушыларды жалықтырып отырғызып қоймай, арасында сұрақ беріп, оқушыларды қатыстыру керек. Лекция әдісін – көбінесе жоғарғы сыныптарға қолданылады, ұзақ уақытқа бөлінеді және жоспарланады. Уақыты 25-23 минутқа созылады.

Көрнекілік әдісі – оқушының сабаққа белсенділігін, ойлау қабілетін арттырады. Көрнекілік әдісін көрнекі-құралдармен шатастынуға болмайды. Көрнекі-құралдар мұғалімнің сөзін дәлелдеу үшін көрсетіледі. Көрнекілік әдісін қоданғанда негізгі рольді мұғалімнің сөзі емес, кинофильм, таблицалар, карталар, глобустар атқарады.

Көрнекілік әдісінің түрлері:

1. Тәжірибені демонстрациялау, көрсету.
2. Табиғи обьектілерді көрсету.
3. Бейнелеуші құралдарды көрсету [3].

Тәжиребені көрсету – мысалға “Бүгінгі ауа – райы стенді ”. Бақылауды оқушылардың өздері жасайды. Мұғалімнің нұсқауы бойынша сабақтан тыс кезінде жасайды, көрсеткен кезде бүкіл сыныпқа көрінетіндей болуы керек.

Көрсету ережелері:

1. Көрсетілген зат бүкіл сыныпқа көрінейтіндей болуы керек.
2. Ұсақ объектілерді, коллекцияларды, схемаларды парталарды аралап жүріп көрсетеді.
3. Көрсетілген зат асықпай, жүйелі түрде түсіндірілуі тиіс.
4. Көрсетілген зат көрсеткішпен дәл , анық көрсетіледі.

5. Көрсететін затты бірден оқушыларға таратып жіберуге болмайды.

Практикалық әдіс. Бұл әдіс – сөз көрнекілік және практикалық жұмыстың бір-біріне әсерінен туады. Практикалықәдіскетабиғат объектілерін тани білу, анықтау, эксперимент жұмыстары жатады. Табиғат объектілерін анықтау кезінде оқушылар үлестірілетін объектімен жұмыс істейді. Мысалы: жергілікті жердің бейнесін көрсететін, тау жотасы, теңіз жағасы, орман, саванна т. б.географиялық объектілердің жинақтап көрсететін панораманың макетін жасауға болады. Табиғи объектіні тани білу экскурсия кезінде қолданылып, оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады.

Практикалық жұмыстың кезеңдері.

1. Тақырыбы, мақсаты.
2. Нұсқау (инструктаж).
3. Жұмыстың орындалуы (тәжірибені жасау).
4. Қорытындысын жазу.

Бақылау әдісі – табиғат құбылыстарын табиғи жағдайда ерекше сезіммен қабылдау қорғау, аялай білу қабілеттерін дамытады. Бақылау әдісі – түсіндіруді алдына мақсат етіп қояды, ол оқушылардың өзі жүргізуін, қорытынды шығаруын талап етеді.

Ескерту – барлық бақылаулардың қорытындысын сабақта қолданылатын болғандықтан сабақтың мазмұнын алдын ала мұғалім жақсы біліп отыруы керек.

Түсіндіру – бақылайтын объектіні таратып берместен бұрын жүргізіледі, ал қорытындыны оқушылардан алдындағы объектіні жинап алғаннан кейін шығарады. Эксперимент әдісі – жасанды жағдайда жасалынады И.П.Павлов: “Бақылау табиғат не ұсынса соны жинайды, ал тәжірибе табиғаттан нені алғысы келсе соны алады” – деп жазды [4].

Қорытындылай келе, географияны оқыту көптеген әдістері бар, бірақ оларды толығымен жетілдіру керек, арнайы бағарламалар құру, әр түрлі әдістемелер құру арқылы. Осы әдістер мектептегі география сабақтарында өте маңызды, және мұғалімдерге көмекші ретінде болады.

Әдебиет:

1. Искандирова З.С., Мажитова Г.З. Географияны оқыту бойынша әдістемелік нұсқаулар: оқу-әдістемелік құрал. – Петропавл, 2013. – 100 б.
2. Методика обучения географии в средней школе под редакцией Л.М. Панчешниковой. Москва. Просвещение. 1983 г.
3. Методика обучение географии в средней школе. Под редакцией А.Е. Бибик. М. Просвещение. 1982 г.
4. Научное пособие школьной географии. В.П. Максаковский. М. Просвещение. 1982 г.

ӘОЖ УДК 598. 2

СЕРГЕЕВ СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қали С.Д., Тайжанова М.М.
(М. Қозыбаев ат. СҚМУ)

Сергеев су қоймасы

Ол Есіл өзенінің ортасына жетіп, 1969 жылы пайдалануға берілген Сергеевка қаласының маңындағы бөгет жолымен салынған. Су қоймасы ұзартылған нысаны бар, оның жоғарғы жағы 500-ден 1500 м-ге дейін өте шалғай шатқалдан өтіп жатыр, бөгетті іргелес жатқан аймақ кеңейтілді. 5 км. ҰЭТ-дағы су қоймасының жалпы ұзындығы шамамен 100 км құрайды, ауданы 116,8 км², су көлемі 693 млн.м³. Резервуардың тереңдігі, бөгеттің максималды тереңдігі 30 м, тереңдігі 20 м, ауданның 15% -ы, орташа - 7 м, деңгейдің жылдық өсуі 2-ден 10 м амплитудасы бар.

Вячеслав резервуарынан температура режимі сәл ерекшеленеді, сәуір-мамыр айларында су бетінің температурасы 2,2-ден 11,2 градусқа дейін, маусымда - 15,2-ден 21,2-ге дейін,

тамызда -13,8-18,0-ке дейін 13.8-18.2. Ең терең аудандарда температураның терең қабаттылығы 2-3-тен аспайды.

Судың реакциясы сәл сілтілі болып табылады, маусымға байланысты 7,8-ден 8,6-ға дейін өзгереді.

Көмірқышқыл газының концентрациясы су қоймаларын толтыру кезеңінде айтарлықтай өзгерді, жер бетіндегі горизонттарда 0-ден 5,6-ға дейін және түбінде 6,4 мг / л-ге дейін айтарлықтай өзгерді.

Судағы ерітілген оттегінің мөлшері маусымға байланысты 7,4-ден 13,3 мг / л-ға дейін өзгерді, бұл 77-135% қанықтыру. Оттегі төменгі қабаттағы 20-21 ° температурада -6 мг / л-ге дейін оттегінің мөлшерін азайтқан кезде, жазғы тоқырау кезеңінен басқа, резервуардың су аймағында біркелкі немесе біркелкі бөлінеді. Қыс мезгілінде оттегі концентрациясы жоғары және 61% қанықтығынан төмен болмайды .

Биогенді аммонийдің, нитраттың және нитрит азотының құрамы көктемгі су тасқынынан су алу нәтижесінде өзгереді. Осылайша, көктемде аммоний азоттың мөлшері 0,38 жетеді - 0,61 мг / л, жазғы 0,02-0,25 мг / л дейін төмендейді, және сол нитриті қолданылады, саны 0,002-0,009 қыста және көктемде ауытқиды 0,047-0,086 мг / л арттырады.

Нитрат фитопланктонмен ең қарқынды түрде тұтынылады. Сергеев су қоймасындағы нитрат азот концентрациясының ауытқу шегі 0,05-1,95 мг / л. Ең көп жазба көктемде жазылды.

Сергеев суқоймасының суындағы фосфор концентрациясы 0,001-ден 0,008 мг / л-ға дейін болды. Оның су бағанында дистрибуциясы біркелкі. Силикон суда 0,6-дан 5,2 мг / л-ға дейін барады, ең көп мөлшері қыстың көктемгі кезеңдерінде болады. Судағы темірдің мөлшері де төмен - 0.10-0.28 мг / л.

Перманганат тотығуы 6,2-ден 14,4 мг O2 / л-ге дейін өзгерді.


Суды толтыру кезеңінде судың минерализациясы Вячеслав су қоймасына қарағанда жоғары болды. Иондардың мөлшері 685 727 мг / л диапазонында болды. Екінші жылы резервуарды толтырғаннан кейін судың минералдану дәрежесі айтарлықтай төмендеді, әсіресе су қоймасының орталық бөлігінде, онда иондардың мөлшері жазда 269,9-дан 299,2 мг / л-ға дейін ауытқыды. Жоғарғы бөлімдерге жақын, иондардың мөлшері 319-372,3 мг / л дейін өсті (Лопарева, Амиргалиев, 1972). Негізгі иондардың қатынасы бойынша Сергеев су қоймасының суы үшінші типті кальций-магний тобының хлорлы класына жатады.

1970 жылы, су күні минералдануына арналған болжамдық белгіге қол жеткізілген кезде, резервуардың бойлық осі бойынша бөлудің біртектілігі байқалды. Осылайша, көктемдегі бөгет алаңында иондардың мөлшері 340,5 мг / л аспайды. жоғарғы бөлігінде -411 мг / л, күзде бөгет алаңында 470 мг / л, ал жоғарғы деңгейде 671,9 мг / л дейін өсті. Тиісінше, басым иондардың тәртібі де өзгерді, хлорид класындағы су екінші типті кальций-натрий карбонатына ауысты.

Гидробиологиялық режимі. Фитопланктон негізінен диатомды балдырлармен ұсынылған, олардың ішінде массаны Asterionella формозасы, Melosira crotone nsis арқылы қол жеткізеді. Сонымен қатар, жасыл балдырлар Cladophora sp., Spirogira sp. Қыркүйек айында көгілдір-жасыл балдырлардың Arhanizomenon flosaquae, Microcystis aeruginosa массивті дамуынан туындаған гүлдену пайда болды. Көк-жасыл балдырларды жою кезінде, төменгі шөгінділерге түсетін органикалық заттардың массасы газ режиміне қолайсыз салдар тудыруы мүмкін.

Сергеев суқоймасының зоопланктоны жоғарыда Вячеславскийге ұқсас. Фаунада 24 ротифар, 25 бұтақ мұртты және 9 ескекаяқты шаян. Екі су қоймадағы басым түрлер, Keratella quadrata, K. cochlearis, Kellicottia longispina, Asplanchna priodonta, бұтақ мұртты шаян - Daphnia longispina, Bosmina longirostris, ескекаяқты шаян - Eucyclops serrulatus, Eudiaptomus graciloides. Зоопланктонның көптігі мен биомассасы жыл мезгіліне байланысты өзгерді. Мысалы, бірінші жылы компоненттердің жалпы саны 225,8 мың дана /м³ дана / м, биомасса -2,75 г / м³ болды. Ескекаяқтылар тобы басым болды, бұл жалпы биомасса санының 50% -ын берді.

Сергеев су қоймасындағы ластаушы заттардың динамикасы қосымшада 1-кестеде көрсетілген (Қосымша 1).



1 Сурет .Сергеев суқоймасындағы ластаушы заттардың графигі.

Графикке назар аударатын болсақ «Қазгидромет» РМК мекемесі берген деректер бойынша Сергеев су қоймасындағы ластаушы заттардың 2011 жыл мен 2017 жылдар аралығындағы динамикасы көрсетілген. Көрініп тұрғандай ластаушы заттардың көбі дерлік 2011 жылға қарағанда 2017 жылғы мөлшері азайған. Ол мөлшері (ШРК) шекті рауалы көрсеткіш мөлшерінен төмен. Сергеев су қоймасының суы ластағыш заттармен шекті рауалы көрсеткіш шегінен аспағанын көрсетеді. Осы нәтижеге сүйене отыра біз, Сергеев су қоймасын ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы, күнделікті өмірде пайдалануға экологиялық тұрғыдан ешқандай зияны жоқ. Шекті рауалы көрсеткіш 1-кесте.

1 кесте

Зат атауы	2017 жыл	ШРК
Мыс	0,0022 мл/г	1,0
Мырыш	0,0033 мл/г	5,0
Фторидтер	0,41 мл/г	1,5
Хром (VI)	0,006 мл/г	0,05
Фосфор жалпы	0,02 мл/г	0,0001
Фенолдар	0,0002 мл/г	0,001
Мұнай өнімдері	0,041 мл/г	0,05
Кадмий	0,0001 мл/г	0,001
Қорғасын	0,0008	0,03
Никель	0,0031	0,1

Сергеев су қоймасының қазіргі жағдайы жақсы деп айтуымызға болады. Себебі, жасалған анализ нәтижелерінен көріп отырғанымыздай судағы барлық ластаушы заттардың шекті рауалы көрсеткішк 1980 жылғы нәтижеге қарағанда 2017 жылдағы нәтижесі жақсы. Сергеев су қоймасының суының сапасы жақсы, экологиялық норма бойынша шаруашылықта тұтынуға болады.

2 кесте 2011-2017 жылдар аралығындағы Сергеевка су қоймасындағы ластаушы заттардың жылдық динамикасы

Ластаушы заттар	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Мыс	0,2	0,5	0,2	2,9	0,016	0,0046	0,0022
Мырыш	7,6	7,7	0,0	13,9	0,0097	0,0053	0,0033
Фторидтер	260	100	0,13	0,26	0,13	0,32	0,41
Хром (VI)	0,6	5,1	0,0	0,006	0,0	0,007	0,006
Фосфор жалпы	17,0	23,0	0,098	0,031	0,098	0,040	0,02
Фенолдар	0,3	0,1	0,0000	0,0003	0,0007	0,0004	0,0002
Мұнай өнімдері	19,0	24,0	0,0291	0,020	0,013	0,029	0,041
Кадмий	0,1	0,3	0,2	0,1	0,0	0,0004	0,0001
Қорғасын	0,2	0,6	2,0	0,8	0,0	0,0033	0,0008
Никель	12,2	12,1	10,0	6,6	0,0032	0,0049	0,0031

Әдебиет:

1. Бараев А.И. Избранные труды. в 3-х т. Алматы: Ғылым, 2008. 1087 с.
2. Ресурсы поверхностных вод районов освоения целинных и залежных земель выпV: Северо-Казахстанская область. Гидрометеоиздат.Л: 1960-418 с
3. Руководство по поверхностных вод суши. Л.: Гидрометеоиздат, 1977 -54 с химическому анализу.
4. Малиновская А.С., Тзн В.А. Гидро фауна водохранилищ Казахстана.-Алма-Ата:Наука, 1983.-207 с
5. Разработка биотехники товарного рыбоводства в водоемах северных областей Казахстана:
6. Белецкая Н.П., Фомин И.А. Удобрения на основе местныхресурсов: матер.Междунар. науч.-практ.конф."Козыбаевские чтения" Т.4 Петропавловск. 2010. С.93-98.

УДК 592

ҮРЖАР ӨҢІРІНІҢ ҚАБЫРШАҚҚАНАТТЫЛАРЫ

Қалыбаева Э.С., Қуанышбаева М.Ғ.
(Шәкәрім атындағы СМУ)

Бұл мақалада Үржар өңірінде кездесетін қабыршаққанаттылардың түрлік құрамы, морфологиялық, экологиялық ерекшеліктері бойынша жұмыс нәтижелері көрсетілген. Үржар өңірінің қабыршаққанаттыларын зерттеу нәтижесінде 13 тұқымдасқа жататын 52 түрі анықталды. Қабыршаққанаттылардың зерттелген түрлерінің экологиясына қысқаша сипаттама берілген. Көбелектердің доминантты түрлері келесі тұқымдастардан: ақ көбелектер (Pieridae), мүр көбелектер (Geometridae) және нимфалидалар (Nymphalidae) анықталды.

Түйін сөздер: Үржар, қабыршаққанаттылар, түрлік құрамы.

Бунақденелілер класына (Insecta) жататын қабыршаққанаттылар немесе көбелектер отряды (Lepidoptera) өкілдер санына бай. Қазақстанда 10 мыңға жуық түрі кездеседі.

Қазақстанда қабыршаққанаттылардың экологиясы, систематикасы және биологиясы туралы бірнеше еңбектер бар [1-5].

Қабыршаққанаттылар таулы аймақтар, егістік жерлерде, өзен маңайында, шалғынды-далалы, орман және сулы-батпақты жерлерде кездеседі.

Қабыршаққанаттылардың ауыз бөліктері сорғыш болып келеді. Қабыршаққанатылар гүлдерді, азықтық өсімдіктерді, бұршақ тұқымдастарды тозаңдандырады. Көбелектер гүлден шырын, тозаң жинап бір гүлдің тозаңын екінші гүл аналығының аузына тасымалдайды. Олар су, бал, шіріген және цитрустық жемістермен де қоректенеді.

Жер бетінде қабыршаққанаттылардың 1 мыңнан астам түрлері - екпе өсімдіктердің зиянкестері. Жұлдызқұрттары жемістерді, ағаштарды зақымдайды.

Жұлдызқұрттар ауылшаруашылығы үшін нағыз зиянкестер санатында. Қабыршаққанаттылардың орман шаруашылығына зиян келтіретін түрлері де көп (қарағай көбелегі). Ал кәдімгі күйе көбелектері үйде, қоймада тіршілік ететіндіктен түрлі тағамдар мен теріден тігілген және жүннен тоқылған киімдерді бүлдіреді.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - Үржар өңірінде кездесетін қабыршаққанаттылардың түрлік құрамын, морфологиялық, экологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу жұмыстары үшін материалдар 2016 және 2017 жылдардың маусым және тамыз айларының аралығында Үржар өңірінде жиналды.

Қабыршаққанаттылардың түрлерін анықтау үшін әртүрлі анықтағыштар, еңбектер қолданылды [2-7].

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу өңірінде ақ көбелектер тұқымдасынан (Pieridae) көбелектердің 7 түрі, нимфалидалар тұқымдасынан (Nymphalidae) - 11, желкенділер тұқымдасынан (Papilionidae) - 1, жуанбас көбелектер тұқымдасынан (Hesperiidae) - 1, көгілдір көбелектер тұқымдасынан (Lycaenidae) – 3, бозашы көбелектер тұқымдасынан (Sphingidae) – 3, түн көбелегі тұқымдасынан (Noctuidae) – 8, барқыт көбелектер тұқымдасынан (Satyridae) - 3, мүр көбелек тұқымдасынан (Geometridae) – 9, толқынды көбелектер тұқымдасынан (Lymantriinae) – 1, аққіс күйе көбелектер тұқымдасынан (Yponomeutidae) – 1, қына көбелектері тұқымдасынан (Lithosiinae) - 1, қарақшы көбелектер тұқымдасынан (Arctidae) - 3 түрі кездеседі (кесте 1).

Кесте 1 Үржар өңірінің қабыршаққанаттыларының кадастры

Тұқымдас	Туыс	Түр	Кездесу жиілігі
Ақ көбелектер (Pieridae)	Ақ көбелек *Pieris*	1)Қырыққабат ақ көбелегі *P.brassicae*	10
		2)Шалқан ақ көбелегі *P.rapa*	8
		3)Тарна көбелегі *P.napi*	2
	Сары көбелек *Colias*	4)Тау сары көбелегі *C.hyale*	4
	Pontia	5)Рапс ақ көбелегі *P.daplidice*	5
	Leptidea	6)Бұршақ ақ көбелегі *L.sinapis*	3
	Gonepteryx	7)Лимон сары көбелегі *G.rhamni*	1
Нимфалидалар (Nymphalidae)	*Inachis*	8)Тауыскөзді көбелек *Inachis io*	7
	Argynnis	9)Үлкен құлпырма көбелек *A.paphia*	12
		10)Құбылмалы Пандора көбелек *A.pandora*	1
	Issoria	11)Жылтыр құлпырма көбелек *I.lathonia*	5
	Шақпақты көбелектер*Melitaea*	12)Тау шақпақ көбелегі *M.arduinna*	3
	Vanessa	13)Түйетікен көбелегі*V.cardui*	1
	Melitaea	14)Қызыл шақпақты көбелек немесе Дидима *M.didyma*	1
	Araschnia	15)Құбылмалы шұбар көбелек *A.levana*	2
	Clossiana	16)Құбылмалы Дия көбелек*C.dia*	1
	Polygonia	17)Эгея бұрышқанатты көбелегі *P.egea*	1
	Pyrameis	18)Адмирал *P.atalanta*	1
Желкенділер (Papilionidae)	Махаон *Papilio*	19)Махаон *P.machaon*	8
Жуанбас көбелектер (Hesperiidae)	Жуанбас *Hesperia*	20)Үтірлі жуанбасты көбелек *H.comma*	1
Көгілдір көбелектер (Lycaenidae)	*Plebejus*	21)Көгілдір аргус *P.argus*	2
	Lycaena	22)Терзамон көбелек *L.thersamon*	1
	Aricia	23)Қоңырқай көгілдір көбелек *A.agestis*	1
Бозашы көбелектер (Sphingidae)	*Laothoe*	24)Теректі бозашы көбелек *L.populi*	2
	Smerinthus	25)Көзді бозашы көбелек *S.ocellatus*	1
	Agrius	26)Шырмауық бозашы көбелегі *A.convolvuli*	3
Түн көбелегі (Noctuidae)	*Orthosia*	27)Түн шие көбелегі *O.cerasi*	3
	Emmelia	28)Шырмауық түн көбелегі*E.trabealis*	3

	Euxoa	29)Қара дақты түн көбелек *E.obelisca*	1
	Schinia	30)Күнбағыс немесе жусан түн көбелегі*S.scutosa*	1
	Dichagyris	31)*D. lutescens*	1
	Euproctis	32)Алтын шетті көбелек *E.chrysorrhoea*	1
	Autographa	33)Мандарин түн көбелегі *A.mandarina*	1
	Mamestra	34) Қырыққабат түн көбелегі *M.brassicae*	1
Барқытша көбелектер (Satyridae)	*Coenonympha*	35)Памфил көбелегі *C.pamphilus*	1
	Chazara	36)Бризеида *Ch.briseis*	1
	Minois	37)Дриада *M. Dryas*	1
Мүр көбелек (Geometridea)	*Angerona*	38)Өрік мүр көбелегі*A.prunaria*	4
	Perconia	39)Сұр мүр көбелегі*P.strigillaria*	5
	Cepphis	40)Жиекті бөріқарақат көбелегі *C.advenaria*	4
	Operophtera	41)Қыс мүр көбелегі *O.brumata*	3
	Biston	42)Шашыранды мүр көбелек *B.strataria*	2
	Phaiogramma	43)Этрусс мүр көбелегі*Ph.etruscaria*	1
	Timandra	44)Қымыздық мүр көбелегі *T.comae*	2
	Oporinia	45)Сызықты мүр көбелек *O.autumnata*	1
	Idaea	46)Кіші жаңбыр мүр көбелегі *I.aversata*	1
Толқынды көбелектер (Lymantriinae)	*Leucoma*	47)Толқынды шілік көбелегі *L.salicis*	1
Аққіс күйе көбелектер (Yponomeutidae)	*Yponomeuta*	48)Алма аққіс күйе көбелегі*Y.malinellus*	2
Қына көбелектер (Lithosiinae)	*Pelosia*	49)Сұр пелозия *P.muscerda*	1
Қарақшы көбелектер (Arctidae)	*Arctia*	50)Қарақшы кайя*A.caja*	1
	Phragmatobia	51)Қоңыр жуан қарақшы көбелек *Ph.fuliginosa*	1
	Tyria	52)Қарақшы қарағай көбелегі*T.jacobaeae*	1

Қорытынды. Сонымен,Үржар өңірінің қабыршаққанаттыларын зерттеу нәтижесінде олардың 13 тұқымдасына жататын 52 түрі анықталды.

Зерттелген қабыршаққанаттылардың ішінде басым тұқымдастарға: ақ көбелектер (Pieridae) тұқымдасы, мүр көбелектер (Geometridae) және нимфалидалар (Nymphalidae) жатады.

Сондай-ақ, Үржар өңірінде кездесетін қабыршаққанаттылардың арасында зиянкес түрлер де тіркелді, оларға–қырыққабат ақ көбелегі *P.brassicae ,* алма аққіс күйе көбелегі *Y.malinellus*, күнбағыс немесе жусан түн көбелегі *S.scutosa.*

Әдебиет:

1. Митяев И.Д. Фауна, систематика и биология насекомых Казахстана. -Алма-Ата, 1974. - 196 с.
2. Райххолор-Рим Х. Бабочки.- Москва: Астрель, 2002. - 286 с.
3. Корнелио М.П. Школьный атлас-определитель бабочек.- Москва, 1986. – 255 с.
4. Мамаев Б.М., Медведев М., Правдин Ф.Н. Определитель насекомых Европейской части СССР.-Москва, 1976. - 112 с.
5. Горностаев Г.Н. Насекомые СССР.- Москва, 1970. - 253 с.
6. Сочивко А.В., Кабак Л.В. Определитель бабочек.-России. Дневные бабочки / Мир энциклопедий Аванта, Астрель, 2012. – 320 с.
7. Коршунов Ю.П. Определители по флоре и фауне России // Булавоусые чешуекрылые Северной Азии. Выпуск 4. - М.: Товарищество научных изданий КМК, 2002. - 424 с.

УДК 637.525

К ВОПРОСУ О РАЗВИТИИ ШКОЛЬНОГО ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ТУРИЗМА В СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Лаптева И.В.

(магистрант кафедры «География и экология» Северо-Казахстанского государственного университета им М.Козыбаева)

Андатпа

Бап сипаттамасын қамтиды жай-күйін экологиялық туризмді Солтүстік Қазақстан облысы. Келтірілген аудандарға, олар неғұрлым перспективалы мектеп экологиялық туризмді дамыту үшін. Сондай-ақ, практикалық аспектілері қарастырылды мектептегі экологиялық білім мен тәрбие әр түрлі жастағы МКҚК "Планета" сауда орталығы "КММ Петропавл қаласы әкімдігінің білім Бөлімі". Жоғарыда айтылғандардың негізінде, бұл оң әсер экологиялық жай-күйін, қоршаған ортаның экологиялық туризмді дамыту және экологиялық тәрбие беру.

Аннотация

Статья содержит описание состояния школьного экологического туризма в Северо-Казахстанской области. Приведены районы, которые наиболее перспективны для развития экологического туризма. Также рассмотрены практические аспекты организации школьного экологического образования и воспитания школьников различного возраста в ГККП ТЦ «Планета» КГУ «Отдел образования акимата города Петропавловска». На основании вышеизложенного следует отметить, что развитие экологического туризма благоприятно влияет на экологическое состояние окружающей среды и экологическое воспитание населения.

Abstract

The article contains the description of the state of school ecological tourism in the North-Kazakhstan region. Given the areas that are most promising for the development of ecological tourism. Also considered practical aspects of the school environmental education and education of schoolchildren of different ages in GCE TC "Планета" KSU "Department of education of akimat of Petropavlovsk city". Based on the foregoing, it should be noted that the development of ecological tourism has a positive effect on the ecological state of the environment and environmental education of the population.

Туризм как система существует в рамках трех суперсистем, которые взаимосвязаны между собой: общество, экономика и природная среда. Туризм, как часть социальной сферы, выполняет целый ряд функций, таких как создание условий для перемены видов деятельности и отдыха, обеспечение охраны здоровья, обслуживание процесса потребления, формирование общеобразовательного и культурного уровня населения. Динамика развития национального

туристского баланса может считаться одним из индикаторов уровня благосостояния и развития экономики страны [1].

Туризм обеспечивает человека разнообразием впечатлений, контрастной сменой обстановки и видов деятельности, эффективно способствует ослаблению нервного напряжения. Также позволяет повысить уровень интеллектуальных способностей путешествующих путем их участия в различных культурно-познавательных и обучающих туристских программах. Однако индустрия туризма использует природные, исторические и культурные ресурсы страны, производит отходы, нуждается в собственности на землю, загрязняет воздух, почву и воду, оказывает сильное антропогенное воздействие на природу. Поэтому Гаагская декларация межпарламентской конференции по туризму 1989 года одним из принципов туристической деятельности провозгласила, что «неиспорченная естественная, культурная и человеческая окружающая среда является основным условием развития туризма. Более того, рациональное управление туризмом может внести значительный вклад в защиту и развитие физической окружающей среды и культурного наследия, а также повышение уровня жизни». Исходя из этого, можно заключить, что инновационными решениями экологических проблем внутреннего туристического рынка является развитие экологического туризма.

Словосочетание «экологический туризм» начало широко применяться в мире в начале 80-х годов.

Международный Союз охраны природы определяет экологический туризм как «путешествие с ответственностью перед окружающей средой по относительно ненарушенным природным территориям с целью изучения и наслаждения природой и культурными достопримечательностями. Такое путешествие содействует охране природы, оказывает «мягкое» воздействие на окружающую среду, обеспечивает активное социально-экономическое участие местных жителей и получение ими преимуществ от этой деятельности» [2].

Экологический туризм (в частности, в форме биосферного экотуризма) - самый безопасный вид природопользования. В его рамках познание может идти в русле либо образовательного процесса, либо просто ознакомления. Отличие образовательного типа от ознакомления в том, что первый тип связан с целенаправленным и тематическим получением сведений об элементах экосистемы, а ознакомительный – с непрофессиональным наблюдением за природой. Ознакомление может проходить в стационарном нахождении в природной среде, активной форме, связанной с переходами туриста от одного интересующего природного объекта к другому и спортивной форме (преодоление естественных препятствий при прохождении маршрутов).

В Северо-Казахстанской области собраны уникальные природные комплексы, которые привлекают туристов и отдыхающих. Но данные природные комплексы необходимо строго контролировать и согласовывать с требованиями по охране окружающей среды.

Наиболее развитыми и перспективными направлениями туризма в североказахстанском регионе является экологический туризм, социальный и детско-юношеский туризм. За последнее десятилетие известность экологического туризма значительно повысилась. Исследования туристского потенциала Казахстана показали, что данный потенциал имеет большие возможности для развития. На территории Северо-Казахстанской области существует шестнадцать особо охраняемых природных объектов, в числе которых: Шалкарское и Арыкбалыкское региональные отделения Государственного национального природного парка «Кокшетау». Разнообразие флоры и фауны степных и лесостепных зон, прекрасные ландшафты поймы реки Ишим, потенциал Сергеевского водохранилища, красота озер в обрамлении скальных обнажений, покрытых хвойными лесами — все это основа для разработки активных экологических маршрутов. Так как география маршрутов постоянно расширяется, можно уверенно прогнозировать успешное развитие экологического туризма в нашей области.

В области наиболее перспективными районами считаются: Айыртауский, Есильский, Кызылжарский и район Шал акына. Развита инфраструктура туризма на территориях озер Шалкар и Имантау, которые расположены на охраняемых территориях природного парка «Кокшетау». Значимыми экскурсионными объектами являются: мемориальный комплекс

Карасай и Агынтай батыров, музей-усадьба Шокана Уалиханова в поселке Сырымбет и неолитическое поселение «Ботай». Данный памятник республиканского значения в июне 1995 года являлся местом проведения международной археологической конференции «Ранние коневоды степей Евразии», где приняли участие 60 ученых из 10 стран мира. По итогам конференции была отмечена необходимость создания на месте поселения «Ботай» историко-археологического заповедника (оградить территорию, отреставрировать жилища ботайцев, заложить траншеи, позволяющие знакомиться с их бытом). Такой экскурсионный объект может быть включен в программы конных, автобусных и пешеходных туристских маршрутов.

В селах Айыртау и Имантау Айыртауского района принимаются меры по развитию местных туристских сообществ, разрабатываются экологические маршруты, проводится работа по повышению количества туристов на данных маршрутах к историческим и природным памятникам. На данный момент проводится работа по приведению сельских гостевых домов в соответствие со стандартами, облагораживаются и обустраиваются экологические тропы. К одним из самых любимых мест отдыхающих можно отнести озеро Шалкар. Вода в озере соответствует по своему составу воде Черного моря и помогает при лечении кожных заболеваний.

Туристскими организациями разработано порядка 35 экскурсионных маршрутов и экологических троп, маршрутов познавательного, оздоровительного и экологического характера.

Детско-юношеский туризм приобщает молодежь к здоровому образу жизни. Спортивный туризм в области представляется федерацией спортивного туризма, филиалом федерации альпинизма Республики Казахстан и турцентрами «Планета» и «Спортландия». Данными организациями производится активная работа по пропаганде важности и ценности туризма среди подростков. При туристском центре «Планета» действует 14 кружков (особой популярностью пользуется пешеходный туризм, скалолазание и клуб юного геолога) и два лагеря «Березка» и «Достык».

Руководствуясь целью – развить школьный экологический туризм в Северо - Казахстанской области создаются экомаршруты. Участвуя в экологических походах, школьники изучают окружающий мир непосредственно, на примере реальных природных объектов. Организация такого типа досуга обогащает внутренний мир каждого ребенка, дает шанс повысить его экологическую культуру: углубить знания, расширить кругозор, совершенствовать умения и навыки в природоохранной деятельности.

Департаментом природопользования и охраны окружающей среды СКО наряду с Туристским центром «Планета» была создана экологическая акция «Есиль 2009». В программе данной акции предлагалось собрать экспедицию в целях исследования экологического состояния берегов реки Ишим. Исследования заключаются в том, чтобы участники экспедиции, выбрав отрезок реки Ишим, смогли провести экологический мониторинг данного участка. Перед выходом на маршрут были поставлены следующие цели:

- выявление несанкционированных свалок в районе водоохраной зоны реки Ишим;
- обнаружение нарушений границ водоохраной зоны р.Ишим;
- ознакомиться с характерными ландшафтами, растительным и животным миром выбранного района;
- посильная очистка берегов и пляжей;
- отметка на карту мест, требующих вмешательства экологов.

Участие приняли кружковцы туристского центра «Планета». Экологическую акцию «Есиль 2009» отнесли в рамки экспедиции «Моя Родина Казахстан» по направлению экология.

В экологических экспедициях приняли участие кружковцы трёх групп. Под руководством педагога, ребятами был выбран отрезок реки Ишим длиной 120 километров от села Ильинка Есильского района до города Петропавловска вниз по течению по правому берегу р.Ишим. Отрезок был разбит на три части.

В качестве примера схема первого маршрута представлена на рисунке 1.




Рисунок 1. Схема экологического маршрута.

Первый маршрут пролегал от районного центра Есильского района села Явленка до села Новоникольское Кызылжарского района пешком вдоль правого берега реки Ишим, протяженностью 30 км. Река Ишим единственная водная артерия, протекающая по нашей области. Поверхностный сток реки используется для водоснабжения сельских населённых пунктов СКО. Поэтому наблюдения за состоянием воды в реке обязательны и важны. По экологическим показателям река Ишим пока не относится к загрязнённым рекам, но развитие промышленности и сельского хозяйства заставляют задумываться над вопросами экологии реки Ишим. По маршруту была произведена очистка берегов от мусора (рисунок 2). В летнее время Ишим больше всего подвергается загрязнениям, т.к он является основным местом отдыха населения нашей области.



Рисунок 2. Экологическая акция «Есиль 2009». Очистка берегов от мусора.

Практическая значимость работы заключается в том, что посредством походов и экспедиций накапливается краеведческий материал, собранный в походах и экспедициях, который можно использовать на уроках географии, истории, литературы, в профилактической работе с вредными привычками, в работе с трудными подростками.

Как таковой туризм является самой массовой формой активного отдыха и оздоровления учащихся, непосредственной дорогой к ЗОЖ. Во время путешествия туристы учатся понимать, что здоровье – это важнейший фактор работоспособности и гармоничного развития человека, особенно детского организма. Каждый турист овладевает минимумом знаний в области гигиены и медицины, смолоду узнает свой организм и умеет поддерживать его в порядке. Туризм является целенаправленным физическим воспитанием, где одновременно проводятся оздоровительная работа, которая включает в себя вовлечение всех подростков в сам процесс приобщения к основам здорового образа жизни. В туристско-краеведческих объединениях ребята учатся культуре, учатся выполнять общественно значимую социальную работу, проводить наблюдения за природой и охранять ее.

Туристские походы – это хороший отдых, физическое развитие и спортивное совершенствование, развитие и расширение кругозора, воспитание дисциплинированности, мужества, любви к природе.

При занятиях туризмом, когда туристы уходят в походы, устраивают соревнования, создается оптимальный физический двигательный режим, так, как издавна известно, что движение играет важную роль в жизнедеятельности организма, идет борьба с гиподинамией и малоподвижностью. От достаточной физической нагрузки зависит правильный обмен веществ в организме, гармоничное развитие, ловкости, выносливости и устойчивости к болезням.

Туристско-краеведческая деятельность является оптимальным средством гармоничного развития личности подростков. Так как общение с природой формирует такие личностные качества, как коллективизм, общительность, ответственность, целеустремленность, взаимовыручка и взаимопомощь, умение противостоять вредным привычкам и при всем при этом формируются прочные основы здорового образа жизни.

Туризм - это именно та форма воспитания, при которой ребенок может почувствовать себя личностью.

Экологический туризм, очевидно, станет доминантной формой туризма, поскольку не только минимизирует разрушающее воздействие туристического бизнеса на среду, но и обучает участников туристической деятельности, как сохранить природные, исторические и социальные ценности для последующих поколений.

Литература:

1. Дроздов А. В. Экотуризм: определения, принципы, признаки, формы // Актуальные проблемы туризма.- М., 1999.—С.99.
2. Кутузов А. В. Роль экологического туризма в формировании новой системы принципов отношения к окружающей среде // Материалы 13-й международной конференции молодых ученых 26-30 декабря 2002 г. «Человек. Природа. Общество. Актуальные проблемы». — Санкт-Петербург, 2002. — С. 719.

УДК 574

ИССЛЕДОВАНИЕ ФЛУКТУИРУЮЩЕЙ АСИММЕТРИИ В ТРУДАХ СОВРЕМЕННЫХ УЧЕНЫХ

Лизавчук С.В., Настыченко М.С.

(ИПИ им.П.П. Ершова (филиал) ТюмГУ, г. Ишим, РФ, Научный руководитель – Козловцева О.С.., к.б.н., доцент)

При планировании и ведении любой деятельности по природопользованию, охране природы и обеспечению экологической безопасности на первое место входит оценка качества среды. Одним из перспективных подходов для интегральной характеристики качества среды является оценка состояния живых организмов по стабильности развития, которая характеризуется уровнем флуктуирующей асимметрии морфологических структур [12].

Концепция флуктурирующей асимметрии (ФА), предполагает определение качества среды через оценку функционального состояния выбранных биоиндикаторов. Метод приобрел широкую популярность после рекомендации его Центром экологической политики в 2000 году. На протяжении почти 20 лет многие авторы аргументировано характеризуют качество (или «здоровье») городской среды, через определение ФА.

Величина ФА рассматривается как основа методологии характеристики качества среды обитания, получившей название «методология оценки здоровья среды».

ФА является наиболее простым и доступным для широкого использования способом оценки стабильности развития. В свою очередь под стабильностью развития понимается

способность организма к нормальному развитию (без нарушений и ошибок), что представляется как чувствительный индикатор состояния живого объекта и позволяет оценивать суммарную величину антропогенной нагрузки. ФА представляет собой морфогенетическую меру нарушения стабильности развития, отклонение от строгой билатеральной симметрии, неспособность организма развиваться по точно определенным путям вследствие несовершенства процессов индивидуального развития (онтогенеза).

Нарушение проявляется в незначительных ненаправленных различиях между сторонами (в пределах нормы реакции организма). Уровень морфогенетических отклонений от нормы оказывается минимальным лишь при определенных (оптимальных) условиях среды и заметно возрастает при любых стрессовых воздействиях. Получаемая интегральная оценка качества среды характеризует реакцию живого организма на неблагоприятное воздействие, которое отмечалось в период его развития. Степень отклонения среды от нормы оценивается по пятибалльной шкале, разработанной Центром экологической политики (табл.1). Значения соответствующие определенным баллам могут быть различны в зависимости от выбора вида индикатора.

Вообще же в качестве тест – объекта оценки качества среды обитания может быть выбран любой вид, для которого характерна билатеральная симметрия .

Известны работы с привлечением в качестве тест объекта различных групп организмов.

Млекопитающие: обыкновенная бурозубка (*Sorex araneus*) [10].

Рыбы: карась серебряный (*Carassius gibelio*), густера (*Blicca bjoercna*) [17], окунь речной (*Perca fluviatilis* L., [16].

Земноводные: озёрная лягушка (*Rana ridibunda* Pall.) [15].

Растения: клевер ползучий (*Trifolium repens* L. [6], дуб черешчатый (*Quercus robur* L) [5,11], липа мелколистная (*Tilia cordata* Mill.) [4], черемуха обыкновенная (*Padus avium* Mill).

Однако чаще всего исследователи обращают внимание на березу повислую (*Bétula péndula).*

Таблица 1. – Шкала стабильности развития в баллах

Стабильность развития, балл	Качество среды	Полученный результат		
		растения	рыбы	земно-водные
I	Условно нормальное	<0,040	<0,30	<0,50
II	Начальные (незначительные) отклонения от нормы	0,040 - 0,044	0,30 - 0,34	0,50 - 0,54
III	Средний уровень отклонений от нормы	0,045 - 0,049	0,35 - 0,39	0,55 - 0,59
IV	Существенные (значительные) отклонения от нормы	0,050 - 0,054	0,40 - 0,44	0,60 - 0,64
V	Критическое состояние	>0,054	>0,44	>0,64

При определении ФА исследуются полностью сформировавшиеся листья растения. Правая и левая сторона листа могут нести на себе отражение стрессовых условий абиотической, биотической и антропогенной природы в виде определённой доли асимметрии. Листовая пластинка может отразить не только настоящую экологическую ситуацию, но и обстановку прошлого, по крайней мере, на протяжении двух последних лет.

В начале мая у берёзы появляются листья из зимующих почек, заложенных весной прошлого года. В свою очередь в этих почках формируются зачатки пазушных почек следующего порядка, из которых будет развиваться побег лишь на следующий год. При использовании метода ФА большое внимание уделяется жилкам, они возникают из тяжей

прокамбия на границе возникающего листового бугорка и будущей оси побега. Аномальные природные явления, такие как ранние заморозки, критически низкая и высокая температуры зимой или летом, засуха и др., будут влияют на зачаточный лист в почке и в будущем найдут отражение в виде определенной доли асимметрии [15].

Одной из первых работ, где береза использовалась в качестве индикатора химического загрязнения среды была проведена в г. Чапаевске Самарской области [1]. В ходе этой работы была предпринята попытка оценить стабильность развития березы в серии выборок, из точек, находящихся на разном удалении от источника химического загрязнения.

Так же имеются данные об индикации химического загрязнения с использованием березы после железнодорожной аварии на разъезде Мыслец Шумерлинского района Чувашской Республики, произошедшей 14 мая 1996г. [1]. Уровень ФА позволил выделить зоны на расстоянии 1 км, 2,5 км, 6 км и 20 км от эпицентра аварии различающиеся качеством среды.

